



ИРАНДАҒЫ ТОЛҚУ:
Діни режимнің
ақыры ма?

3

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №5 (6683) 16 қаңтар, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

ӘКІМ

ӨНДІРІСТІ ӨРКЕНДЕТУ

Қала әкімі Жетісу ауданының дамуымен танысты



3

Алматыдағы кәсіпорындар мен өндіріс ошақтарының басым бөлігі Жетісу ауданында орналасқан. Жұмыс сапары барысында Алматы қаласының әкімі Жетісу ауданының тыныс-тіршілігімен, ауданның дамуымен танысты. Қала әкімі Дархан Сатыбалды аудандағы бірқатар нысанды аралап, қоғамдық кеңістіктердің жай-күйіне және аумақтың өндірістік әлеуетінің дамуына назар аударды.


ҚАЛА ҚАР ТАЗАЛЫҒЫНА ДАЙЫН



Қыстың нағыз қақаған суығы енді басталғандай. Аязбен бірге қалың қардың да хабары жетті. Қар жауып, сынап бағанасының төмендеуіне байланысты Алматының коммуналдық қызметі күшейтілген жұмыс режиміне көшті. Бұл туралы қаланың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мен тұрғын үй инспекциясының өкілдері айтты.

4

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



КӨЗҚАРАС

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК ПЕН
ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕРІКТІК

Елді жаңғыртуға бағытталған жүйелі көзқарастар

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

СЕНАТОРДАН КЕЛГЕН ҮШБУ ХАТ
Қадірлі редакция ұжымы!

«Алматы ақшамы» – қазақ журналистикасындағы Алматы қаласының тынысы мен мәдениетін, қоғамдағы өзгерістерді, қала тұрғындарының өзекті мәселелерін ел талқысына салар бірегей басылым. Бүгінде «Ақшам» Алматы қаласының ғана емес, тұтастай еліміздің ақпараттық кеңістігінде өзіндік орны, бай тарихы мен қалыптасқан дәстүрі бар іргелі ақпарат көзі. Сондықтан да «Алматы ақшамы» көтерген кез келген маңызды мәселе барлық деңгейде қызу талқыланып, оң шешімін тауып жатады.

Басылым қаладағы түрлі оқиғалар туралы жедел ақпарат берумен ғана шектелмей, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ұлттық мәдениетті насихаттау, Алматының тарихи келбетін сақтау, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жетілдіру сынды мәселелерді орынды көтеріп келеді. Сіздер халық пен билік арасындағы алтын көпір болып, елдегі реформалардың мәні мен мазмұнын жұртшылыққа түсіндіруде үлкен істер атқарып келесіздер.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында елімізде әділетті қоғам құру, ашықтық пен заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы үдерісте бұқаралық ақпарат құралдарының, соның ішінде баспасөздің рөлі ерекше.

Осындай ауқымды өзгерістер мен жетістіктерді халыққа жүйелі әрі түсінікті жеткізуде баспа басылымдарының, оның ішінде қалалық газеттің маңызы айрықша. Интернет дәуірінде де газет – ой сүзгісі, терең талдаудың алаңы, қоғамдық сананы қалыптастыратын сенімді құрал болып қала береді.

Осы тұрғыдан алғанда, «Алматы ақшамы» – қалалық идеологияның, ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік саясаттың сенімді әрі сапалы насихатшысы болып қалары анық. Газет бетінде көтерілген әрбір мәселе – қоғам үшін маңызды, әрбір мақала – елдің бүгінгі әрі болашақтағы мүдделеріне қызмет етеді деп сенемін.

Сіздерге шығармашылық табыс, қаламдарыңызға қуат, оқырмандардың алғаусыз зор сенімін тілеймін. «Алматы ақшамы» алдағы уақытта да қала өмірінің шынайы шежіресі болып, ұлттық журналистиканың абыройын асқақтата берсін!

Сұлтанбек МӘКЕЖАНОВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты.

Мемлекет басшысы «Turkistan» газетіне берген сұхбатында көтерілген мәселелердің ауқымы кең, мазмұны терең. Ондағы ой-тұжырымдар ел дамуының қазіргі кезеңі мен болашақ бағытын айқын көрсетеді. Экономикалық өсімге қатысты айтылған ойлар ерекше маңызды. Мемлекет басшысының айтуынша, 2025 жылы еліміз рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Бұл – жүйелі реформалардың нақты нәтижесі.

тиіс. Мемлекет, бизнес және азаматтар өз міндетін адал орындап, салық төлеу ауыртпалық емес, ел дамуына қосылған ортақ үлес ретінде қабылдануы – қоғамның кемелдік деңгейін көрсетеді.

Президенттің инфляция, жүктеменің тең бөлінбеуі, орта табысты отбасылардың осал жағдайы секілді нақты проблемаларды ашық айтуы өте маңызды. Бұл – адамдар күн сайын бетпе-бет келіп отырған шынайы мәселелер. Билік оларды статистика ретінде жасырып қалмай, анық көріп, нақты шешім қабылдауы тиіс.

Бюджеттік саясатқа келгенде де Мемлекет басшысының ұстанымы айқын. Ол қатаң бюджеттік тәртіптің қажет екенін, қаржы ресурстары тек мемлекетке шын мәнінде қажет жобаларға ғана жұмсалуы тиіс екенін баса айтты. Инфрақұрылымды жаңғырту мәселесінде де нақты нәтижелер бар. Мемлекет басшысы энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңарту жұмыстары басталғанын айтты. Жүздеген шақырым инженерлік және электр желілері қайта жаңғыртылуда.

Президенттің айтуынша, қауіпті «қызыл» аймақта тұрған

жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Бұл – елдің энергетикалық қауіпсіздігін күшейтудегі нақты қадам. Көлік-логистика саласына қатысты Президент Қазақстанды Еуразияның көлік хабына айналдыру стратегиялық міндет екенін атап өтті. Туризм, цифрландыру, заңсыз активтерді қайтару, сыбайлас жемқорлықпен күрес, әлеуметтік және медициналық салаларды цифрландыру, конституциялық реформалар, жастар саясаты мен Тәуелсіздіктің 35 жылдығына қатысты ойлар – барлығы да елді жаңғыртуға бағытталған жүйелі көзқарастың көрінісі.

Президенттің айтуынша, 2026 жыл – ауқымды саяси және экономикалық өзгерістердің жаңа кезеңі. Биылғы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялау – уақыт талабынан туындаған шешім.

Реформалар реформаның өзі үшін емес, келер ұрпақ тұрақты, әділетті әрі қуатты елде өмір сүруі үшін қажет. Елдің тұрақты дамуы, әлеуметтік әділдік пен экономикалық беріктік – дәл осындай жүйелі әрі шынайы көзқарастың нәтижесі болмақ.

Дегенмен, Президенттің өзі атап өткендей, мұндай жетістікке қарап босаңсуға болмайды. Инфляцияны қатаң бақылауда ұстап, әлеуметтік-экономикалық тұғырды нығайту – бүгінгі күннің басты талабы.

Маған Мемлекет басшысының баспасөздің, соның ішінде баспа басылымдарының рөліне қатысты ойы да жақын. Қысқа жазбалар мен үстірт ақпарат басым заманда терең оқып, саралап, ой елегінен өткізу – құндылықтарды сақтаудың және қоғамның ойлау мәдениетін қалыптастырудың маңызды тетігі.

Салық реформасына қатысты Президенттің ұстанымы да аса өзекті. Мемлекет басшысы бұл өзгерістерді қатардағы «фискалдық науқан» емес, экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ететін жаңа салық жүйесін қалыптастыру деп атады. Президенттің айтуынша, бұл реформаға биылдың өзінде баға беріледі. Ал Жаңа Салық кодексі бақылауға емес, өзара серіктестікке негізделген қоғамдық келісімшартқа айналуы

БРИФИНГ

ОҢАЛТУ ОҢ ЖОЛҒА ТҮСТІ МЕ?

Алматыда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің былтырғы жұмысының қорытындысы шығып, осы жылғы міндеттері айқындалды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында департамент басшысы Мұрат Мұратбеков мәлімдеді.

Нұржамал
ӘЛІШ

Оның айтуынша, 2025 жылы департамент негізгі бағыттар – медициналық-

әлеуметтік сараптама, азаматтарды зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ олардың құқығын қорғау саласында тұрақты әрі жүйелі жұмыс істеді.

Жыл ішінде 24 мыңға жуық адам медициналық-әлеуметтік сараптамадан өтті. Бұл ретте алғаш рет мүгедектікке шығу көрсеткішінің қарқындылығы жақсарып, 20,5%-ды құрады. Аталған көрсеткіш аурудың алдын алу мен ерте анықтаудағы оң өзгерісті көрсетеді.

«Былыр медициналық-әлеуметтік сараптамалардың шамамен, 44%-ы сырттай (проактивті форматта) жүргізілді. Бұл әлеуметтік қызметтің қолжетімділігін арттырып, азаматтарға түсетін әкімшілік жүктемені азайтуға сеп болды», – дейді М.Мұратбеков.

Алғаш рет куәландырылған азамат-

тардың ішінде мүгедектігі бар тұлға деп танылғандардың үлесі 96%-ды құрады. Бұл медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдамалардың негізділігін және медициналық іріктеудің сапасын растайды. Мүгедектік құрылымында объективті демографиялық үрдістер сақталып отыр: зейнет жасындағы адамдардың үлесінің артуы, сондай-ақ ересектер арасындағы онкологиялық аурулардың және балалар арасындағы психикалық кінәраттың әсері байқалады.

Оңалту саласында да ілгерілеу бар. 2025 жылы толық және ішінара оңалтуға қол жеткізген азаматтардың үлесі артты, сонымен қатар жағдайы ауырлағандардың көрсеткіші де төмендеген. Біраз көрсеткіш бойынша Алматы республикалық орташа деңгейден жоғары нәтиже көрсетті.





ИРАНДАҒЫ ТОЛҚУ:

Діни режимнің ақыры ма?

2025 жылдың соңында Иранда соңғы 15 жылдағы ең ауқымды наразылық басталды. Бұған жоғары инфляция, нарықтағы тұрақсыздық пен ұлттық валюта риалдың күрт әлсіреуі негізгі себептер ретінде айтылуда. Алайда, саяси дағдарыстың пайда болу себептері бұдан да тереңде жатыр. Өйткені, қазіргі клерикалық (діни) режимнің билікке келуіне себепші болған «базардағы саудагерлер» наразылықтың негізгі күшіне айналды.

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ҚАРСЫЛЫҚ

28 желтоқсанда Иранда наразылық оты тұтанды. Елдің астанасы Тегеранда орналасқан Гранд базар саудагерлері жоғары инфляция, нарықтағы тұрақсыздық пен ұлттық валюта риалдың күрт әлсіреуіне қарсы шығып, наразылық акциясын ұйымдастырды.

Наразылыққа шығушылар негізгі әдіс ретінде сауда орындарын жабу мен ереуілді қолданды. Бұған жауап ретінде билік күш қолдану әдісін пайдаланып, наразылықты тоқтатуға тырысты. Бірақ бұл отқа май құйғандай әсер етіп, биліктің әрекетін қолдамайтындардың санын арттырды. Нәтижеде Тегерандағы саудагерлерге студенттер мен қала тұрғындары қосылды. 2026 жылы қаңтардың ортасына қарай наразылық жергіліктіден ұлттық сипатқа өзгерді.

Бұл наразылық Иранда саяси дағдарыстың бар екенін көрсетті. Бұған дейін де елде наразылық акциялары болған. Алайда, бұл жолы оның ауқымы кеңейді. Оның пайда болуына ішкі және сыртқы факторлар әсер етті. Әсіресе, ішкі факторды атап өткен жөн. Бұл әлеуметтік-экономикалық саясаттағы қателіктер және клерикалды режимнің жемқорлық элементтеріне көз жұма қарауы. Бұл қатарға саяси реформаны да қосуға болар еді. Алайда, клерикалды режим тек саяси және діни элитаның ғана емес, халықтың басым көпшілігінің таңдауы болды. 1979 жылғы Шах режимін құлатқан діни билікті бірінші кезекте халық қолдады.

СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР

Дағдарыстың сыртқы факторларына АҚШ-тың санкциялары мен Иранның әлемнен оқшаулануы кіреді. Ұзақ уақыттан бері Иран батыстық санкциялар мен шектеулерде өмір сүріп келеді. Сыртқы экономикалық байланыс бар, алайда

шектеулер көп. Негізгі сауда әріптестері Қытай, Үндістан, Жапония, Түркия. Экспорттайтын басты ресурс мұнай болып саналады. Оның басым көпшілігін Қытай импорттайды.

Сыртқы саяси тұрғыда Иран Ресей және Қытаймен байланысты нығайтқан. Алайда, бұл жолғы дағдарыста Мәскеу мен Бейжің барынша бейтарап позиция ұстануда. Өйткені, Вашингтонның қарсы әрекетінен сескенеді. Мысалы, Трамп Иранмен сауда жасайтын елдерге 25% баж салығын енгізілетінін мәлімдеген. Мұндай қарсы әрекет әсіресе Қытайдың сауда-экономикалық және энергетикалық әлеуетіне ауыр соққы болуы мүмкін. Ал Мәскеу Д.Трамппен байланысты жоғалтауды қалайды.

КЛЕРИКАЛЫҚ РЕЖИМНІҢ СОҢЫ МА?

Иранда интернет пен байланыс өшірілген, ислам режимі күш қолдану арқылы наразылықты тоқтатуға тырысуда. Сондықтан іштегі шынайы жағдайды білу қиын. Қақтығысқа түсуші тараптар арасындағы шынайы күш балансы қандай екенін білмейміз. Алайда, бір нәрсені нақты айта аламыз – Ирандағы клерикалық режим өз орнында қалады. Бірақ бұл дағдарыстан сабақ алмай, елді реформалауға кіріспесе, келесі наразылық толқынына төтеп бере алмауы мүмкін.

Біз мұндай қорытындыға 1979 жылғы төңкеріс пен қазіргі наразылықты салыстыру арқылы келдік. 1979 жылғы саяси дағдарыс Шах режимін тоқтатқан төңкеріспен аяқталды. Ал қазіргі наразылықты төңкеріс деп айта алмаймыз, өйткені наразы халық бірізді емес, әрі көшбасшылары жоқ немесе нақты емес. Сондықтан ұйымдасу деңгейі төмен, стихиялы түрде өтуде. Керісінше, Шах режимін құлатқан діни қозғалыс пен наразы халықтың харизмасы бар көшбасшысы болды. Рухол-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ла Хомейни өз айналасына наразыларды топтастыра білді.

Бұдан бөлек, клерикалық билік Шах режиміне қарағанда әлі де бірізді. Діни көшбасшы төңірегінде топтасқан, материалдық және өзге де ресурстарды өз қолында ұстаған ұйымдасқан саяси-әскери және діни элита бар. Олар көшбасшының билікте қалуын барынша қолдайды. Керісінше, Шах режимі іштей әлсіреген болатын. Қала берді, сыртқы факторды ескеру қажет. Шах режимінің құлауына Вашингтонның да әсері болды. Бірақ қазір АҚШ қатаң әдістен гөрі жұмсақ күшті қолданатын секілді. Өйткені, сырттан жасалған кез келген әрекет ирандықтарды қайтадан билік айналасына топтастырады.

Дегенмен, 1979 жылы клерикалық режимді билікке әкелуге қолдау көрсеткен базардағы саудагерлердің бұл жолы наразылыққа шыққанын ескерген жөн. Егер билік осы дағдарыстан сабақ алмай, тиісті реформа жасамаса, бұдан кейінгі дағдарысдың ауқымы қазіргіден де үлкен болуы мүмкін.

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТПЕК?

Ирандағы саяси дағдарыс Қазақстанға да әсер етеді. Наразылықтың тәуекелдерімен бірге мүмкіндіктері де бар. Басты тәуекелдер төмендегідей:

- Гуманитарлық дағдарыс. Егер саяси дағдарыс ұзаққа созылса немесе оның нәтижесінде билік ауысса гуманитарлық дағдарыс болуы мүмкін. Бұл заңсыз миграцияға ұласады. Қазақстан

Иранмен Каспий теңізі арқылы шекараласады. Бұдан бөлек, онда қазақ диаспорасы өмір сүретінін де ескерген жөн.

- Көлік-транзит жобаларының тұралап қалуы. Қазақстан Ақтау мен Амиробод порттары байланысын нығайтуға мүдделі. Бұдан бөлек, теміржол арқылы тауар тасымалын арттыруды көздейді. Ирандағы дағдарыс ұзаққа созылған сайын бұл жобалар тоқтап қалуы мүмкін.
- Санкциялар. АҚШ-тың Иран билігіне қарсы әрекеттері Тегеранның сауда әріптестеріне кері әсер етеді. Қазірдің өзінде 25% баж салығы Қытай, Үндістан секілді Иранның негізгі сауда әріптестерінің сыртқы экономикалық саясатын өзгертуіне себеп болып отыр. Қазақстан Иранға бидай экспорттайды. Сондықтан бізге де Вашингтонның шешімдері әсер етуі мүмкін.

Мүмкіндіктерге келер болсақ, олар көп емес. Ирандағы тұрақсыздық нәтижесінде әлемдегі мұнай бағасы өсті. Бұл қысқа мерзімде Қазақстанға оң әсер етеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ӘКІМ

ӨНДІРІСТІ ӨРКЕНДЕТУ

Қала әкімі Жетісу ауданының дамуымен танысты



Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Алдымен шаһар басшысы Жангелдин атындағы скверге барып, ағымдағы жөндеу жұмысымен, сонымен қатар аумақты одан әрі көріктендіру жоспарымен танысты. Жоба аясында аумақты көгалдандыру, гулзарлар мен шағын сәулеттік нысандар орнату, автоматты суару жүйесі мен сыртқы жарықтандыруды іске қосу, сондай-ақ жүргіншілер жолдары мен демалыс аймақтарын ұйымдастыру көзделіп отыр. Сквердің жалпы аумағы – 3,6 гектар жерді алып жатыр. Қолға алынған жобаны іске асыруды аудан әкімшілігі 2026 жылға жоспарлап отыр.

Сквер аумағында белсенді және отбасылық демалыс үшін екі балалар ойын алаңы, воркаут алаңы, футбол және баскетбол алаңдары, үш шахмат үстелі мен үш теннис үстелін орнату жоспарланған. Сонымен қатар, жобаға сәйкес 95 орындық пен 95 қоқыс жәшігі қойылып, автотұрақ аймағы ұйымдастырылады. Сондай-ақ, қала әкімі 2005 жылдан



бері жұмыс істеп келе жатқан «Камертон» ЖШС-не барды. Кәсіпорын шикізатты өңдеуден бастап дайын өнімді қаптауға дейінгі толық өндірістік жұмыс тәртібін жүзеге асырады. Өндірістік қуаттылығы айына 4230 тоннаға дейін өнім шығаруға мүмкіндік береді. Бұл өңдеу өнеркәсібін дамытуға және нарықты сапалы сүт өнімдерімен қамтамасыз етуге елеулі үлес қо-

сады. Кәсіпорында 300-ден астам адам еңбек етеді.

Сонымен қатар, Дархан Сатыбалды STYNERGY кәсіпорнына барып, өндіріс қуатымен, өнім ассортиментімен және экспорттық әлеуетімен танысты. Компания құрылыс және металл құрылымдары материалдарын өндіруге маманданған. Өнімдерін Тәжікстан мен Қырғыз Респуб-

ликасын қоса алғанда, ТМД елдеріне экспорттайды. Сондай-ақ, Қазақстанның бірқатар қаласында филиалдары бар, бұл кәсіпорынның кең географиялық қамтылуын қамтамасыз етеді.

Кәсіпорын өнімдерінің ассортиментіне металл шатыр мен шатырдың қосалқы элементтері, түрлі үлгідегі профнастил, сэндвич-панельдер, қасбеттік жүйелер, су ағызу және желдету жүйелері, гипсокартон монтажына арналған арматуралық профильдер, линейерлы панельдер, сондай-ақ металл жиһаздар кіреді. Өндірісте шамамен 250 қызметкер жұмыс істейді.

Кәсіпорындарды аралау барысында ауданның өнеркәсіптік әлеуетін дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, өндірісті кеңейтуге жағдай жасау және бизнестің қалалық құрылымдармен өзара іс-қимылы мәселелері талқыланды. Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Дархан Сатыбалды қаланың аудандарын кешенді дамыту, яғни қоғамдық кеңістіктерді көріктендіруді экономиканың нақты секторын қолдаумен ұштастырудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ, салалық басқармалар мен аудан әкімдігіне жобаларды жан-жақты қолдауды және қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды тапсырды.

Қала қар тазалығына дайын

**Рая
ЕСКЕНДІР**

(Басы 1-бетте)

«Қазгидромет» РМК мәліметінше, 15 қаңтардан 16 қаңтарға қараған түні Алматыда жауған қар 17 қаңтар кешке дейін жалғасатын болады. Нақтырағы, 16 қаңтарда түнгі және күндізгі ауа температурасы –5...–7 градус шамасында болады. Ал 17 қаңтарда түнде ауа температурасы –11...–13 градусқа дейін төмендеп, күндіз –7...–9 градус шамасында сақталады.



Осы ретте қалада тәулік бойы 1030 бірлік арнайы техника, сондай-ақ жеке ұйымдардан тартылатын 200 техника мен 2710 жол саласы жұмысшысы жұмылдырылады. Бұған қоса, аула аумақтарын тазалау жұмыстарына 1790 жұмысшы мен 256 бірлік арнайы техника тартылады.

Жолдың қауіпті учаскелерінде, еңіс пен жоталарда, сондай-ақ жолайықтарына кіріп-шығатын жолдарға көктайғақтың алдын алу және оны уақытылы жою үшін 75 жедел бригада жол жамылғысының жағдайын үздіксіз бақылап отырады.

Алматы қаласының Құтқару қызметі 16 бірлік арнайы техника мен 50 қызметкерді тарта отырып, тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырып, қалалық Төтенше жағдайлар департаменті тарапынан 53 бірлік арнайы техника мен 244 адамнан тұратын жеке

құрам кезекшілік атқарады.

Аудан әкімдіктерінде атқарылып жатқан жұмыстардың орындалуын бақылау мақсатында тәулік бойғы кезекшілік енгізіледі. Күннің күрт суытуына, көктайғақтың пайда болуына, жолда қардың нығыздалып қатуына және тротуарларда мұз қатуына байланысты қала тұрғындарынан қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды ескертеді. Жүргізушілерге қозғалыс жылдамдығын азайтып, көлік арасындағы арақашықтықты ұлғайту және шұғыл маневр жасамау ұсынылады.

Жүргізу тәжірибесі аз автокөлік иелеріне жеке көлікпен жүруден уақытша бас тартып, қоғамдық көлікті пайдалануға кеңес беріледі. Ал жүргіншілерге тротуарларда абай болу, сондай-ақ көпқабатты үйлердің маңында сақтық таныту ұсынылады, себебі шатырдан қар құлауы мүмкін.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖАҢА МАРШРУТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Алматыда қоғамдық көлікті экологияландыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде қаладағы автобустар паркі жаңарып, экологиялық талаптарға сай келетін жаңа көліктер жолға шықты. Сонымен қатар, тұрғындардың сұранысын ескере отырып, қоғамдық көлік бағыттары кеңейтіліп, тасымал қарқыны арттырылуда.

Осы бастамалар аясында №21 бағытта Foton маркалы, сыйымдылығы жоғары, газбен жүретін жаңа автобустар қатынай бастады. Аталған маршрут қаланың маңызды нүктелерін байланыстырып, Орталық стадион аумағынан басталып, Медеу мұз айдынына дейін қатынайды. Бағыт А.Байтұрсынұлы көшесі арқылы өтеді.

Жаңа маршрутқа барлығы 12 автобус бекітілген. Қозғалыс аралығы – 15 минут. Бұл көрсеткіш жолаушылар үшін күту уақытын қысқартып, қатынау қолайлылығын арттыруға мүмкіндік береді.



Суретті түсірген Самат Құсайын.

Р.ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЭКОЛОГИЯ

ТАЗА АУА ТАЛАБЫ КҮШЕЙЕДІ



Алатау ауданы әкімдігінде мемлекеттік органдардың өкілдері Амен кәсіпкерлер қатысқан кеңес өтті. Кездесудің негізгі тақырыбы зиянды шығарындылар деңгейін төмендету және атмосфералық ауаны қорғау саласындағы жаңа талаптарды түсіндіру болды. Мамандардың мәліметінше, Алатау ауданында қоғамдық тамақтану орындары, моншалар мен техникалық қызмет көрсету бекеттері секілді 400-ден астам кәсіпорын жыл сайын 200 тоннаға жуық ластаушы заттарды ауаға бөледі.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаев аудан аумағында 400-ден астам рейдтік іс-шара өткізілгенін, оның барысында кәуапханалар мен моншалар тексерілгенін айтты. Сондай-ақ, ол кейбір тұрғын үйлерде әлі күнге дейін жылыту үшін қатты отын мен көмір пайдаланылатынын, бұл ауаның ластануына себеп болып отырғанын еске салды.

Кездесу қатысушыларына Алматыда 2025 жылы 30 желтоқсанда бекітілген атмосфералық ауаны қорғаудың жаңа ережелері түсіндірілді. Аталған құжат қала аумағында қатты және сұйық

отынды пайдалануға тыйым салды және кәсіпкерлерді арнайы сүзгі қондырғыларын орнатуға міндеттейді. Бұл талаптар 2027 жылдан бастап міндетті түрде енгізіледі. Осылайша Алматы Қазақстанда атмосфералық ауаны қорғауда кешенді тәсіл алғаш енгізген қала атанды.

– Талаптарға сәйкес, шығарындылары төмен аймақтарда орналасқан нысандар экологиялық таза отын түріне көшуге тиіс. Атмосфераға шығарындылар көлемін азайту үшін ережелерге сай қатты отынды – көмір мен отынды, сондай-ақ сұйық отынды пайдалануға тыйым салынады. Эколо-

гиялық таза отынға, яғни газға көшу қажет. Сонымен қатар, арнайы сүзгі қондырғыларын орнату талаптары бар. Айта кету керек, бұл талаптар кейінге қалдырылған кезеңді қамтиды, яғни кәсіпкерлік нысандары үшін олар 2027 жылдан бастап күшіне енеді, – деп түсіндірді «Еco Almaty» ЖШС бас директоры Мирас Гайсин.

Оның айтуынша, жаңа талаптар Экологиялық кодекс пен санитариялық-эпидемиологиялық ережелердің қолданыстағы нормаларына негізделген және қаладағы ауа сапасын кезең-кезеңімен жақсартуға бағытталған.

Кездесуге қатысушылар мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің бірлескен жұмысы ғана ауаның ластану деңгейін төмендетіп, Алматыдағы экологиялық ахуалды біртіндеп жақсартуға мүмкіндік беретінін атады.

**Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**

Кремація керек пе?

Дүниеден өткен адамды арулап, жер қойнына тапсыру халқымызда орнығып қалған дәстүр. Дәстүрлі ислам дінін ұстанатын халықтың көп бөлігі өртеуді құптамайтыны анық. Бірақ Қазақстан заңнамасында кремацияға тыйым салынбаған, әр азаматтың жеке таңдауына берілген. Оның үстіне қалада тек мұсылмандар ғана өмір сүрмейді – кремацияны қолдайтын өзге дін мен ұлт өкілдері де бар. Осы тұрғыда кремацияны қоғамдағы әртүрлі наным-сенімдер мен жеке көзқарастарды ескеретін заманауи жерлеу нысаны ретінде қарастырған жөн сыңайлы. Ал алматылықтардың арасында жақындарының мәйітін кремациялауға келісетіндері табыла ма, жоқ па – ол уақыттың еншісінде.



«ДАРЫНДЫ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ»

Алматыда үздік оқушылар марапатталды

Алматыда халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми, шығармашылық және спорттық байқаулардың жеңімпаздарына арналған салтанатты кездесу өтті. «Дарынды ұрпақ – ел болашағы» тақырыбымен өткен жиын қалада талантты жастарды қолдауға айрықша көңіл бөлінетінін тағы бір мәрте көрсетті.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Іс-шараға Алматының білім саласындағы үздік жетістіктерімен танылған 70 дарынды оқушы қатысты. Айта кетейік, Алматының олимпиадалық командасы соңғы 23 жыл қатарынан республикалық пәндік олимпиадалардың қорытындысы бойынша «Үздік олимпиадалық команда» атағын иеленіп келеді.

әрқайсысына 300 мың теңге көлеміндегі ақшалай сертификаттарды табыс етті.

Кездесу барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, білім беру саласындағы болашақ жоспарларының айқын екенін жеткізіп, Абзал Нүкенұлына беріп жатқан қолдауларына алғыстарын айтты.

Іс-шара жас буынға жаңа серпін беріп, үлкен мақсаттарға жетелеуге бағытталған тағылымды кездесу болғаны сөзсіз.

МАҢЫЗДЫ МЕМОРАНДУМ

«Кітап оқитын ұлт» жобасы іске қосылады

Алматыда Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы мен «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.



Досбол
АТАЖАН

Меморандумға Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың директоры Әлия Сайдембаева және «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қорының тең төрағасы Шыңғыс Жұмағали қол қойды. Әлия Сайдембаева бұл құжат «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясындағы тараптардың әріптестігін ресми түрде бекітіп, елімізде тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыруға, сыни ойлауды дамытуға және қазақстандықтардың зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған бірлескен жұмысты ұйымдастыруға жол ашады.

Ал Шыңғыс Жұмағали «Кітап оқитын ұлт» жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда айтқан бастамасы аясында жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

– Жобаның басты мақсаты – қоғамда тұрақты кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және Қазақстанды әлем-

дегі ең көп оқитын он елдің қатарына қосу, – деді ол.

2025 жылдың қыркүйегінде жоба пилоттық режимде Қарағанды облысында, Қостанай облысында және Шымкент қаласында басталды. Енді оған Алматы қаласы да қосылады. Қазіргі уақытта жобаға 189 мыңнан астам адам қатысып жатыр. Жоба халықтың әртүрлі топтарын қамтиды және мына бағыттар бойынша жүргізіледі: «Кітап оқитын мектеп» (6–10-сынып оқушылары), «Кітап оқитын колледж» және «Кітап оқитын университет» (студенттер), «Кітап оқитын педагог», «Кітап оқитын әулет» (отбасылар) және «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші».

– Әр бағыт үшін сарапшылар қатысушылардың жасы мен қызығушылығына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде 15 кітаптан тұратын тізім құрастырды. Тізімге жалпыұлттық дауыс беру нәтижесінде таңдалған «Қазақстан әдебиетінің 100 танымал кітабы» жобасының шығармалары мен әлемдік бестселлерлер енгізілген, – деді Шыңғыс Жұмағали.

СЕМЕЙДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ ЗЕРГЕРІ

Медеу Сәрсек – парасат пен қалам иесі

А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада жазушы, драматург, публицист, қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Медеу Сәрсекенің туғанына 90 жыл толуына орай әдебиеттанымдық кеш өтті.



Нұржамал
ӘЛІШ

Кешке қаламгердің туған қарындасы Рымгүл Сәрсекеева мен жиендері де қатысты. Жазушы, «Құрмет» орденінің иегері Дәулет Сейсенұлы Медеу Сәрсекенің шығармашылық жолы мен азаматтық, адамгершілік тұлғасы туралы, өзі секілді жастарға деген ағалық шапағаты, қамқорлығы жайында әңгімелеп берді. Педагогика ғылымдарының докторы, академик Ақмарал Мағауова Медеу Сәрсекенің ешқандай ғылыми дәрежесі болмаса да деректі, дәйекті тақырыптарға да жиі барғанын, еңбекқор азамат болғанын атап өтті.

Ал қаламгердің қарындасы Рымгүл Сапақызы оның үйдің тұңғышы һәм өзінен кейінгі бауырларына әрдайым қамқор болғанын айтып, балалық шағынан әдемі естеліктер шертті. Аяулы ағасының барлық шығармасы, газет қиындыларына дейін бүгінде үй кітапханасында мұқият сақтаулы екенін мақтанышпен тілге тиек етті.

Медеу Сәрсек – Семейдің Абыралы ауданынан. Қазақ кен-металлургия институтын бітірген. Бірақ саналы ғұмырын



жазуға арнаған тұлға. Мерзімді басылымдарда тілші де болған. Көркем шығармалар да, деректі повесть, очерктерді де өндірте жазған. Қазақ ғылыми-фантастикалық әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі болғанын да айта кету керек. Бұл бағытта «Ғажайып сәуле», «Көрінбестің көлеңкесі», «От және атом», «Жетінші толқын» атты әңгімелері жарық көрген. А.Беляевтің әйгілі «Қос мекенді адам» романын қазақ тіліне аударғаны тағы бар.

Негізгі мамандығынан да алыс кетпеген десек те болады. Себебі, қазақтың тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаевтың өмірін тыңғылықты зерттеп, нәтижесінде нақты дерек-дәйекке құрылған ғұмырнамалық «Сәтбаев» кітабы жарық көреді. Өзі туып-өскен өңірдің адамзатқа тигізген зардабын бейнелеген «Семей қасіреті» кітабы да бұл күнде еліміздің барлық кі-

тапханасының сөресінен табылады. Оның бірнеше туындысы «Тамаша адамдардың өмірі» («ЖЗЛ») сериясынан басылып шыққаны да отандық әдебиетке қосылған үлкен үлес екені сөзсіз.

«Медеу Сәрсек – парасат пен қалам иесі» деген тақырыпта өткен әдебиеттанымдық кеште дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Шүкіман да сөз алып, тұлғаның шығармашылығымен жақсы таныс екенін, қаламгердің туындылары әлі талай буынға үлгі болатынын тілге тиек етіп, меймандарға, жастарға ән шырқап берді. Ал Алматыда қолға алынған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Медеу Сәрсекенің «Сәтбаев» кітабын оқып, талқылап, зерделеген №15 гимназияның 10 «ә» сыныбы оқушылары әйгілі шығармадан үзінділер оқыды.

● МЕЙМАН МІНБЕРІ



Бауыржан
ЖАҚЫП,
ақын:

ПАРАСАТ БИГІНДЕГІ ТҰЛҒА

Ұлы Абай, Шәкәрім бабамыз, Мұхтар Әуезовтей қаламгер дүниеге келген өңірде туған Медеу ағамыз төңірегінде жүрген адамдарға түгел жақсылық жасап жүретін адам еді. Демалысында туған жерге баруға жиналғанда әке-шешесі «Медеужан келе жатыр екен» деп жеке киіз үй тігіп қоятын болған. Ағамыз соның ішінде жатып шығармаларын жазатын болған деседі. Әжелеріміз солай айтып отыратын.

Қазақ кен-металлургия институтын бітіріп, зауыттарда жұмыс істеп жүріп, «Көмбе», «Жаңғырық» романдарын, «Жеті жылдықтың жігіттері», «Қаз қайтқанда», «Айшықты мезет» деректі повестерін жазды. Сөйтіп, өндіріс тақырыбына қалам тартқан алғашқы қаламгер атанды.

Қазір байқап жүрген болсаңыздар, Алматыда 24 сағат, яғни күнітүні жұмыс істейтін кітапханалар ашылып жатыр. Бұл жастар үшін үлкен мүмкіндік. Медеу ағамыз баспадан шыққан кітаптарын кітапханаларға өз қолымен әкеліп тапсырып жүретін. Жас буынның білімді, зерделі болғанын қалайтын. Медеу Сәрсекенің еңбегін ұмытуға болмайды. Осындай тұлғаның бейнесі жыл өткен сайын жарқырай түсері анық.



Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық театр:

Өнер ордасының құрылғанына 100 жыл толды! Осынау даталы күннің құрметіне ҚР Ұлттық кітапханасында «Тұңғыш ұлт театрына 100 жыл: дәстүр, жаңашылдық және көркемдік трансформация» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Нұржамал
Әліш

Алқалы жиынға отандық танымал ғалымдар, қоғам және өнер қайраткерлерімен бірге, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан елдерінің өнертану докторлары мен профессорлары да қатысты.

Конференция жұмысы таяуда ғана өмірден өткен Қазақстан және КСРО Халық артисі Асанәлі Әшімовті еске алу үшін бір минут үнсіздікпен басталды. Содан соң алқалы жиын модераторы – театр директоры Еркін Жуасбек ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау-лебизін оқып берді.

«Дөңгелек үстел» басына жиналған өнер өкілдері театрдың өткеніне шолу жасап, бүгінге тоқталып, болашағын талқылады.

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ

МИССИЯ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Театр 1926 жылы Қызылорда қаласында алғашқы кәсіби қазақ театры болып құрылған сәттен бастап, ғасыр бойы халқымыздың асыл мұраттарын, ұлттық құндылықтарын сахна арқылы ұрпақ санасына сіңіріп келеді.

Шын мәнінде қазақ руханиятының қарашаңырағына айналған бұл өнер ордасында «Еңлік – Кебек», «Абай», «Қобыланды», «Қарагөз», «Айман – Шолпан» секілді тағы басқа да халқымыздың

рухани өзегіне айналған жауһар туындылар қойылып, көрерменнің зор ықыласына бөленді. Демек, театрдың шығармашылық мұрасы – ұлттың рухани айнасы, халықтың жан-дүниесін бейнелейтін тірі шежіре.

Театрдың негізін қалаған Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Құрманбек Жандарбеков, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Қажымұқан Мұңайтпасов



✓ ЛЕБИЗ

Ғасырлық сахна сыры

Еркін ЖУАСБЕК,
Мұхтар Әуезов атындағы
Қазақ ұлттық драма театрының директоры:

– Бүгінгі жаһандану дәуірі ғаламтор дүниесінің қарқынды дамуы, жаңа технологиялардың басымдығы сынды жаңа өмір сипатымен ерекшеленуде. Адам назарын жасанды өнер жаулап алды. Жас ұрпақ күмәнді күштердің торына шырмалуда. Тамыры жоқ, болашағы бұлыңғыр бағытқа бағынышты болып бара жатқандай. Осы орайда келешектің азаматын заманауи, білімді ете отырып, ұлттың қасиетімен тәрбиелеу, ана тілінен ажыратпау, отаншыл, ойшыл, жан-дүниесі терең азамат қалыптастыру – ұлттық өнер мен мәдениет ұйымдарының да негізгі атқарар шаруасы болса керек. Бұл мақсат – дәл бүгін жүз жыл толып отырған ұлттық театрдың да бағдаршамы.

Осы ретте жасалып жатқан жұмыстардың жетістігі жоқ емес. Мәселен, кейінгі бес-алты жылда күн сайын сахналатын спектакльдердің аншлаппен өтіп жүргені осының айқын дәлелі. Бұл сахна өнерінің әлі де болса өміршеңдігінің, қоғамға қажеттілігінің белгісі. Және де алдағы атқарылуы тиіс ұшан-теңіз жұмыстың шексіздігі деп білемін.

Тұңғышбай ЖАМАНҚҰЛОВ,
актер, режиссер, театр педагогы,
Қазақстанның Халық артисі:

– Қазақ кәсіби театр өнерінің халқымыздың рухани-мәдени өмірінде алатын орны зор. Біздің ұлт театрының шымылдығын ашқан алғашқы жылдардан бастап-ақ ағартушылық және мәдени-тәрбиелік міндеттерді атқарғаны мәлім. Ол ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық саяси және мәдени үдерістермен тығыз байланыста болды. Ұлттың жаңғыру кезеңі халықтың ауызша дәстүрін, фольклорлық мұрасын және еуропалық театр өнерінің элементтерін синтездейтін жаңа көркемдік формалардың пайда болуын мақсат етті. Сол биіктен әлі түспей келе жатқаны қуантады мені.

Иә, осынау жүз жыл ішінде Әуезов театры Қазақстан мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Жүзге толған ата театрымыздың, өмірден өткен пайғамбар актерларының бізге аманаттап кеткен туын жығып алмай биік ұстап келе жатқан барша әріптесімді мақтан тұтамын. Өнер ұжымының сахнадағы әрбір еңбегі көрерменнің жүрегіне жол тауып, ұлттың рухани тұтастығын күшейтетін маңызды құралға айнала бергей!

сынды тұлғалардың рухани аманатын кейінгі буын лайықты жалғастырып келеді дейді өнер майталмандары. Бүгінгі театр ұжымы – кәсіби деңгейі жоғары, жаңашыл ойлайтын, дәстүр мен заманауи өнерді үйлестіре білген шығармашыл топ.

Театр тек қойылым мен сахна ғана емес, ол – сана тәрбиелейтін, ой айтатын, елдік пен бірлікке шақыратын үлкен өнер мектебі. Осы миссияны Мұхтар Әуезов атындағы театр ұжымы ғасыр бойы абыроймен атқарып, бүгінгі күні де рухани кемелдікке үндейтін, қоғаммен үндесе дамиды, ұлттық мәдениеттің тұғырын нығайтатын шығармашылық орда ретінде өз мәртебесін жоғары ұстап келеді.

Іс-шара аясында театр музейі «Ғасыр жасаған ұлт театры» атты көрмесін ұсынды. Ал ресми жиыннан соң өнерсүйер қауым М.Әуезовтің «Еңлік – Кебек» спектаклін тамашалады. Ұлт театрының шымылдығы 1926 жылы дәл осы туындымен ашылған еді. Араға жүз жыл салып, сол тарихи дәстүр жалғасын тауып, тарихи күн аясында қайта сахналанды.



Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ		
Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы №272 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эта-лондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 8 қаңтарда №220523 болып тіркелді.		
2025 жылғы 30 желтоқсандағы	ШЕШІМ	№272
Атмосфералық ауаны қорғау қағидаларын бекіту туралы		
Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 206-бабының 3-тармағына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ: - Осы шешімнің қосымшасына сәйкес атмосфералық ауаны қорғау қағидалары бекітілсін. - Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, атмосфералық ауаны қорғау қағидаларының 22, 23, 38, 39, 40, 41, 43, 44, 46, 47, 50, 51, 52, 53, 71 және 75-тармақтарын қоспағанда, осы шешім алғашқы ресми жария-ланған күнінен кейін күнтізбелік бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі.		
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы	М. Отыншиев	
<i>Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы №272 шешіміне қосымша</i>		

Атмосфералық ауаны қорғау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Атмосфералық ауаны қорғау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі – Экология кодексі) 206-бабының 3-тарма-ғына сәйкес әзірленген және онда Алматы қаласының аумағында атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі автомобиль көлігін пайдаланудың жекелеген мәселелерін және ІІІ санат-тағы объектілерде қойылатын экологиялық талаптарды, сондай-ақ шығарындылар деңгейі төмен аймақтарды ұйымдастыру, арнайы экологиялық талаптарды бұзушылықты анықтау мәселелерін реттеу бөлігінде арнайы экологиялық талаптар белгіленеді.

2. Осы Қағидалар:

Алматы қаласының тау етегіндегі қазаншұңқырда орналасуының географиялық ерекшеліктерін, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін концентрацияларда атмосфералық ауаның жерге жақын қабатында ластанғыш заттардың жинақталуына ықпал ететін, ластанғыш заттардың табиғи таралуына кедергі келтіретін климатты және өзге де табиғи жағдайлар ескеріле отырып әзірленген;

Алматы қаласында атмосфералық ауаны қорғау негіздерін айқындайтын арнайы экологиялық талаптарды қамтиды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағыт-талған.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- автомобиль көлігі құралы (бұдан әрі – автокөлік құралы) – автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, троллейбустарды, автомобиль тіркеме-лерін, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ мамандандырылған авто-мобильдерді (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнайы авто-мобильдерді (артүрлі көбінесе көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған) қамтитын автомобиль көлігінің жылжымалы құрамының бірілгі;
- автокөлік құралын техникалық зерттеп-тексеруден оң ету – техникалық зерттеп-тексеру қорытындылары бойынша автомобиль көлік құралының пайдаланылған газдардың-дағы зиянды заттардың нақты құрамы деңгейінің ҚР СТ 1433-2023 «Жол көлігі. Автокөлік құралдарының пайдаланылған газдары бар ластанғыш заттардың атмосфералық ауаға шығарындылары. Нормалар мен әдістер» стандартында бекітілген нормативтерге сәй-кестігін растау;
- автокөлік – кәсіпорынға, ұйымға немесе жеке тұлғаға тиесілі, кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын, жүк және жолаушылар тасымалдау, қызмет көрсету мен жөндеу жұмыс-тарына арналған жылжымалы арнайы техникасы және өзге де міндеттерді орындауға ар-налған автокөлік құралдарының жиынтығы;
- атмосфералық ауаға ластанғыш заттардың шығарылуы (бұдан әрі – шығарынды) – көздерден атмосфералық ауаға ластанғыш заттардың түсуі;
- атмосфералық ауа – тұрғын, өндірістік және өзге де үй-жайлардан тыс орналасқан атмосфера газдарының қоспасы болып табылатын табиғи ортаның өмірлік маңызы бар құрамдас бөлігі;
- атмосфералық ауаның ластануын байқау пункті, атмосфераның ластану жай-күйін байқау пункті (бұдан әрі – ЛБП) – белгіленген географиялық координаттары бар атмосфе-ралық ауадағы ластанғыш заттардың концентрацияларын өлшеуді жүргізуге арналған ішінде орнатылған аспаптары мен жабдықтары бар байқау пункті;
- атмосфералық ауаның ластануы – атмосфералық ауа сапасының мемлекет белгі-леген экологиялық нормативтерін асатын концентрацияларда ластанғыш заттардың не-месе деңгейлерде физикалық әсерлердің атмосфералық ауада болуы;
- әсерді бағалау – осы Қағидаларды іске асырудан болатын ықпалды бағалау тур-ғысынан осы Қағидаларға сәйкес жүргізілетін іс-шаралар;
- газ талдағыш – қозғалтқышты пайдаланылған газдарының химиялық құрамын үздіксіз талдауға арналған аспап;
- жеке тұрғын үй – жеке (отбасылық) тұруға арналған, меншік жайлы үнаскеде орналасқан және шаруашылық және басқа да құрылыстармен және жасыл желектермен бірге азаматтың меншігіндегі үй;
- жылжымалы шығарынды көзі – отынның артүрлі түрлерінде жұмыс істейтін іштен жану қозғалтқыштарымен жарақтандырылған және стационарлық жағдайда, қол сияқты жүріп-тұру процесінде де шығаруды жүзеге асыра алатын автокөлік құралы немесе өзге де жылжымалы құрал, техника немесе қоспа;
- Ластанғыш заттар шығарындыларының деңгейі төмен аймақ операторы (бұдан әрі – Аймақ операторы) – процестер кешенін, оның ішінде ластанғыш заттар шығарынды-ларының деңгейі төмен аймақты пайдалану туралы ақпарат жинауға, ластанғыш заттар шығарындыларының деңгейі төмен аймаққа кіруді әкімшілендіруге, ластанғыш заттар шы-ғарындыларының деңгейі төмен аймақтың пилоттық жобасын іске асыруға бағытталған процестер кешенін қамтамасыз ететін заңды тұлға;
- ластанғыш заттар шығарындыларының деңгейі төмен аймаққа кіру – ластанғыш заттар шығарындыларының деңгейі төмен аймаққа кіру және (немесе) автокөлік құралы-ның оның аумағында жүріп-тұруы;
- ластанғыш заттар шығарындыларының деңгейі төмен аймақтың пилоттық жобасы (бұдан әрі – Пилоттық жоба) – ластанғыш автокөлік құралдарының кіруін шектеуді қоса алғанда, экологиялық талаптарды белгілеу арқылы Алматы қаласының аумағында ауа сапасын жақсарту және халықтың денсаулығына зиянды әсерді төмендету мақсатында іске асырылатын жоба;
- ластанғыш заттар шығарындыларының деңгейі төмен аймаққа кіру деңгейі – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес айқындалатын ластанғыш заттар шығарындыларының деңгейі төмен аймаққа кірудің шектеуі;
- ластанғыш зат – атмосферада болуы қоршаған ортаға және адамдардың денсау-лығына қолайсыз әсер тудыратын зат;
- ластанғыш заттар шығарындыларының деңгейі төмен аймақ (бұдан әрі – Аймақ) – осы Қағидаларға сәйкес Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен айқындалатын шекара-лары Алматы қаласының аумағы;
- қаланың газдандырылған ауданы – газ магистральдары жүргізілген және оны қоспау мүмкіндігі бар Алматы қаласының үнаскесі;
- қалдықтар – өндіріс, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету процесінде неме-се тұтыну процесінде пайда болған кез келген заттар, материалдар немесе нәрселер (оның ішінде өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан тауарлар), оларды иесі тікелей қалдықтар деп таниды не заң талаптарына байланысты жоюға немесе қалпына келтіруге жіберуге тиіс немесе жою немесе қалпына келтіру операцияларына оларды ұшыратуға ниеті бар не ұшыратты;
- қатты отын – тас және қоныр көмір, жанғыш тақтатастар, шымтезек, ағаш;
- қолайсыз метеорологиялық жағдайлар (бұдан әрі – ҚМЖ) – адамдардың өмірі-не және (немесе) денсаулығына қауіп төндіретін концентрацияларда атмосфералық ауа-ның жерге жақын қабатында ластанғыш заттардың жиналуына ықпал ететін метеорология-лық жағдайлар;
- пайдаланылған газдар – автокөлік құралының газ шығаратын құбыры арқылы қозғалтқыштың цилиндрлерінен немесе жану камераларынан шығарылатын газдар қос-пасы;
- стационарлық шығарынды көзі – бөлшектеймей орны ауыстырылмайтын және тұрақты орналасқан жері бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесі қолданыла отырып айқындалатын немесе автокөлік немесе өзге де жылжымалы құрал арқылы қозғалатын, бірақ оны пайдалану процесінде жер бетіне қатысты қозғалмайтын (стационарлық) жағ-дайды талап ететін шығарынды көзі;
- сұйық отын – бензинді, дизель отынын, мазутты және басқа да ұқсас заттарды қоса алғанда, жағу арқылы жылу энергиясын алуга арналған мұнай өнімдері немесе син-тетикалық жанғыш сұйықтықтар болып табылатын сұйық түрдегі отын;
- тексеру туралы сертификат – өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамаға сәйкес аккредиттелген салыстырғып тексеру зертханасы берген аспаптың метрологиялық тексеруден өткені туралы құжат;
- техникалық зерттеп-қарау – автокөлік құралының пайдаланылған газдарындағы зиянды заттардың деңгейін және Аймаққа кіру деңгейін айқындау мақсатында техникалық қарап-тексеру желілері жүргізетін рәсім;
- техникалық қарап-тексеру желісінің маманы – уәкілетті ұйымда оқудан өткені туралы сертификатты бар, сертификатталған аспаптар мен жабдықтарды қолдана отырып, автокөлік құралдарының пайдаланылған газдарының ұтылтылығы мен түтінін деңгейін өлшеуді жүзеге асыратын техникалық қарап-тексеру операторының қызметкері;
- түтін – қозғалтқыштың цилиндрлерінде отынның және буланған майдың толық жанбауы нәтижесінде пайда болған, пайдаланылған газдардағы сұйық және (немесе) қатты бөлшектердің көрінетін дисперсиясы, белгілі бір ұзындықтағы пайдаланылған газ-дардың бағанасын көрсететін жарық ағынының сіну дәрежесін сипаттайтын нормаланатын көрсеткіш;
- түтін өлшегіш – белгілі бір ұзындықтағы іштен жану қозғалтқышының пайдала-нылған газдарының бағанасын көрсететін жарық ағынының сіну дәрежесін өлшеуге арнал-ған аспап;
- уәкілетті органдар – тексерілетін субъектілер қызметінің Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 132-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылауды және тексеруді жүзеге асы-ратын бақылау және қадағалау органдары, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлім-шелері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар;

31) уәкілетті ұйым – «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Рес-публикасы Заңының 4-бабының 9-38-тармағына сәйкес айқындалған, Алматы қаласында экологиялық жағдайды, атмосфералық ауаның сапасын жақсартуды және қалдықтарды басқаруды қамтамасыз ететін, жарғлық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

32) шығарудың ұйымдастырылмаған көзі – ластанғыш заттар шығарылу жылдамдығы мен орнын қосымша белгілейтін құрылыстардан өтпей, егер көз үй-жайдан тыс жерде болса, тікелей атмосфераға немесе желдету жүйесімен жабдықталмаған үй-жайлардың терезе, есік және өзге де ойықтары арқылы түсетін шығарындылар көзі;

33) шығару көзі – пайдалануы процесінде атмосфералық ауаға ластанғыш заттардың түсуі орын алатын кез келген объектілер, оның ішінде құрылыс, техникалық құрылғы, жабдық, қондырғы, алаң, көлік немесе өзге де жылжымалы құрал;

34) шығарынды көзінің операторы (бұдан әрі – Объект операторы) – меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында шығарынды көзі немесе атмосфералық ауаға теріс әсер ететін объектісі бар жеке немесе заңды тұлға. Атмосфералық ауаға теріс әсер ететін объектіні салу, реконструкциялау, пайдалану және (немесе) жою (кейіннен қадеге жарату) кезінде жекелеген жұмыстарды орындау және (немесе) жекелеген қызметтер көрсету үшін Объектінің операторы тартқан жеке немесе заңды тұлғалар объектінің операторлары бо-лып танылмайды.

1-параграф. Арнайы экологиялық талаптарды іске асыру кезінде цирфрлық құралдарды қолдану

4. Арнайы экологиялық талаптарды іске асыруды, халықтың, бизнес пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, Алматы қаласы экологиясының жай-күйіне мониторинг жүргізу және оны ауа, жасыл желектер, қалдықтармен жұмыс жасау сияқты факторлар бөлінісінде жақсартуға жәрдемдесу үшін Мемлекеттік коммуналдық цирфрлық объект (бұдан әрі – Цирфрлық объект) құрылады.

5. Цирфрлық объектіні қалыптастыруды және жүргізуді уәкілетті ұйым айқындайтын оны жүргізу және пайдалану регламентіне сәйкес уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

6. Цирфрлық объект экологиялық мониторингті жүзеге асыруға арналған электрондық платформа бола отырып, келесі негізгі функцияларға ие:

арнайы экологиялық талаптардың сақталуын тиімді бақылауды қамтамасыз ету; қызметтерді электрондық форматта алу мүмкіндігін қамтамасыз ету; қызметтерді электрондық түрде алуға мүмкіндік береді; Аймақты онлайн-режимде әкімшілендіруді жүзеге асыру.; ҚМЖ-мен байланысты алгоритмдерді автоматтандыру; халықты және бизнесті ақпараттандыру және оқуы.

7. Цирфрлық объект қаражаты жергілікті бюджетке есептелуге жататын ақылы сервис-тер мен қызметтерді ұсынады.

8. Уәкілетті ұйым мынадай параметрлер бойынша ауа сапасына бақылауды жүзеге асырады:

- PM 2.5 ұсақ дисперсті бөлшектер;
- PM 10 ұсақ дисперсті бөлшектер;
- озон (O3);
- азот диоксиді (NO2);
- күкірт диоксиді (SO2);
- көміртепі монооксиді (CO);
- формальдегид;
- фенол.
- Уәкілетті ұйым Алматы қаласы әкімдігімен және Ұлттық гидрометеорологиялық қызметімен келісе отырып, жаңа ЛБД орналастыру қажеттілігі және оларды орналастыру-дың қосымша орындарын айқындау туралы шешім қабылдайды.
- ЛБД бірінші кезекте ластанудың ең жоғары орташа деңгейлері (жол қозғалысы неғұрлым қарқынды қала ұнаскелері, өнеркәсіптік қаматтағы объектілерге жақындығы) мүмкін болатын, сондай-ақ атмосфералық ауаның тазалығы аса маңызды болып табыла-тын объектілер (әлеуметтік объектілер) орналасқан тұрғын аудандарда белгіленеді.
- Жергілікті жер құрылысының өзгеруі, өнеркәсіптік кәсіпорындардың ашылуы немесе жабылуы, ластану көздерін ұйымдастыру, жаңа жолдар мен жол айрықтарын салу және қолданысқа енгізу ескеріле отырып, ЛБД орналастыру орындары қайта қаралуы мүмкін.
- Уәкілетті ұйым:
атмосфералық ауа сапасының жай-күйі туралы ақпарат өндірушілермен ынтымақтас-тық туралы келісімдер (меморандумдар) жасасады;
геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ) қолдана отырып, ЛБД деректер қорын қалыптасты-рады және халықтың көрсетілген деректер қорына ашық қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
қоршаған ортаның ластану жай-күйі туралы ақпарат өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің осы Қағидалардың талаптарын орындауын қамтамасыз етеді;
атмосфералық ауа сапасының жай-күйі туралы ақпараттың Цирфрлық объектімен интеграциялауын қамтамасыз етеді;
халықтың денсаулығына қауіп төндіретін ауаның ластану деңгейі анықталған кезде ҚМЖ кезеңдерінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- Алматы қаласы әкімдігінің ресми сайтында және Цирфрлық объектіде атмосфералық ауаның жай-күйі туралы ай сайынғы есептерді жариялайды;
- уәкілетті органдар жеке және заңды тұлғалардың шағымдары негізінде барлық сана-тағы объектілерге қатысты арнайы экологиялық талаптардың сақталуына жоғардан тыс тексерулер жүргізу үшін тартыды;
- осы Қағидалардың 13, 14 және 15-тармақтарына сәйкес көрсеткіштерге қол жеткізу тұрғысынан әсерді бағалауды жүргізеді.
- Ауа ластануы азауының көрсеткіштері:
 - ластанғыш заттардың концентрациясы деңгейі: PM 2.5, PM 10, NOx, Sox және ауа-дағы басқа зиянды заттар концентрациясының өзгеруі;
 - автокөлік құралдары шығарындыларының азаяуы: Аймақ енгізілгенге дейін және енгізілгеннен кейін автокөлік құралдары шығарындыларының есептік саны;
 - шекті рұқсат етілген концентрациялардан асып кету жиілігі: ластанғыш заттардың концентрациясы рұқсат етілген нормалардан асатын бір жылдағы күндер саны.
 - Көлік жүйесін және тұрақты көлік түрлерін дамыту көрсеткіштері:
 - электромобильдер, гибридіті автомобильдер және басқа да түрлер шығарынды-ларының деңгейі төмен автокөлік құралдары үлесінің ұлғаюы (жеке және коммерциялық автокөлік бөлінісінде);
 - қоғамдық көліктік жүру үлесінің ұлғаюы; маршруттар желісінің дамуы және жолау-шылар санының ұлғаюы;
 - жеке автокөліктермен жүру үлесінің азаяуы;
 - жаыу жүргішілеріге және баламалы көліктің өзге де түрлеріне арналған веложол-дар мен инфрақұрылым желісі ұзақтығының ұлаюы;
 - жол желісінде, техникалық қарап-тексерулер мен зерттеп-тексерулер кезінде, сондай-ақ экологиялық посттарда анықталған шығарындылар бойынша көрсеткіштері асып кеткен автокөлік санының төмендеуі;
 - дизель отынын тұтынуы азаяуы.
 - Халық денсаулығының көрсеткіштері:
 - аурудың төмендеуі: демікпе, бронхит және жүрек-қан тамырлары аурулары сияқ-ты ауаның ластануымен байланысты аурулардың төмендеуі;
 - өмір сүру ұзақтығы: Аймақтағы халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының өзгеруі;
 - өмір сапасы: халықтың физикалық және психикалық денсаулығын қоса алғанда, жалпы денсаулығы мен ал-ауатын бағалау.
 - Әсерді бағалау кезінде қолданылатын шектеулер, географиялық масштабтар, уақыт шеңбері, дәрежеі мен талаптарды бұзғаны үшін жауаптылық мөлшері ескеріледі.
 - Әсерді бағалауды жүргізу үшін уәкілетті ұйым базалық жылы деректер жинауды жүзеге асырады.
 - Базалық жыл деп талдаудың есептеу нүктесі, алғашқы уақыт кезеңі ұғынылады, осы талдаудан мынадай санаттар бойынша деректерді салыстыру басталады:
қала автопаркінің құрамы және көлік жүйесі туралы деректер, оның ішінде қала және агломерация автокөлік құралдарының жасы, экологиялық сыншпарт бойынша автокөлік құралдарының саны, Аймақ өлшемдеріне сәйкес келетін автокөлік құралдарының үлесі, отын түрлері мен оны тұтыну көлемі бойынша автокөлік құралдарының бөлінуі, қоғамдық көліктің қолжетімділігі, қоғамдық көлік және моторланбаған қозғалыстар үшін инфрақұ-рылымды дамыту туралы деректер және қаланың көлік жүйесіндегі өзгерістерді жинау және талдау үшін қол жетімді басқа да деректер;
 - ауа сапасы туралы деректер, оның ішінде ауа сапасының көрсеткіштері бойынша мониторингтің деректер: PM2, 5 және PM10 ұсақ дисперсті бөлшектер, NO2 азот диоксиді, SO2 күкірт диоксиді, O3 озоны, СО көміртегі түтіні, формальдегид, фенол, ауа сапасының индексі, метеорологиялық деректер, шығарындылар деңгейінің маусымдық және тәуліктік өзгерістері, рұқсат етілген концентрациялардың асып кетулер саны;
 - демографиялық деректер, оның ішінде халық санағының деректері, әлеуметтік топ-тардың саны мен қарқыны;
 - денсаулық жағдайы туралы деректер, оның ішінде өкпенің созылмалы обструкция-лық ауруды диагнозы бар диспансерлік есепте тұрған пациенттердің саны, шұғыл жүгінулер және өкпенің созылмалы обструкциялық ауруды диагнозы бойынша ауруханаға жатқызу жиілігі туралы медициналық деректер;
 - кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі туралы деректер (тіркелген субъектілердің саны,

объектілердің санаттары мен түрлері бойынша саны, жұмысқа орналастырылған халықтың саны).

18. Уәкілетті ұйым уәкілетті органдардың, ақпарат өндірушілердің атына тиісті сұрау салулар жіберу арқылы, сондай-ақ ашық көздерден алынған ақпаратты пайдалану арқылы ақпарат жинауды жүзеге асырады.

19. Әсерді бағалау осы Қағидалардың талаптарын енгізудің әлеуетті оң және теріс экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, көліктік әсерлерін анықтау, ең төменгі теріс сал-дары бар Аймақтың барынша тиімділігін қамтамасыз ету, қоғамдық қолдау алу, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау үшін материалдар дайындау, баламалы шешімдерді әділ іске асыруды және талдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ осы Қағидаларды іске асыру-дың әртүрлі жағдайларында шешімдерді қабылдау процесін қолдау мақсатында жүргізі-леді.

2-параграф. Қолайсыз метеорологиялық жағдайлар

20. Атмосфералық ауаның ластануының жоғары деңгейін белгілеген, сондай-ақ метеорологиялық жағдайлар Алматы қаласының атмосферасында ластағыш заттардың жиналуына ықпал етеді деген болжамды анықтаған кезде уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тиісті дәрежедегі ҚМЖ-ның басталуы туралы ақпаратты Цирфрлық объектіде орналастырады.

21. Уәкілетті ұйым электрондық құжат айналымының ресми мемлекеттік порталдары «электрондық үкімет» веб-порталы және Цирфрлық объект арқылы тіркелген кезден бастап бір сағат ішінде ҚМЖ-ның пайда болуы туралы ақпаратты Алматы қаласы әкімдігінің наза-рына жеткізеді, ол қажетті ақпараттар халық арасында дереу таралуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы Қағидаларға

1-қосымшада көзделген ережелерді есебімен ҚМЖ-ның басталу кезеңіне ден қою шараларын енгізеді.

22. ҚМЖ-дан туындаған атмосфералық ауаның қысқа мерзімді ластануы кезеңінде Алматы қаласының аумағында стационарлық шығарындылар көздері бар заңды тұлға-лар, дара кәсіпкерлер осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген қаланың жергілікті ат-қарушы органы уақытша енгізген стационарлық көздер шығарындыларын азайту жөнін-дегі талаптарды сақтайды.

23. Объектілердің операторлары осы Қағидаларға 1 – қосымшада көзделген ере-желерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар ми-нистрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша Экология департаментімен (бұдан әрі – Алматы қаласы бойынша экология департаменті) келісілген ҚМЖ басталу кезеңіне ден қою шараларын әзірлейді және қабылдайды.

24. Алматы қаласының әкімдігі халықты ҚМЖ туралы хабардар етумен қатар, өзінің ресми интернет-ресурсы және өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы осы Қағи-даларға 1-қосымшаға сәйкес ҚМЖ кезеңіне арналған ұсынымдарды халықтың назарына жеткізеді.

25. ҚМЖ-мен байланысты алгоритмдерді автоматтандыру функционалын іске асыру шеңберінде Цирфрлық объектіде:

метеорологиялық деректердің, шығарындылар туралы деректер мен математика-лық модельдердің интеграцияларын қолдана отырып, ҚМЖ-ны болжау;

Осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген ережелерді ескере отырып, ҚМЖ баста-луы кезеңіне ден қою шараларын қоса алғанда, ҚМЖ басталуы мен жеке және (немесе) барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың ҚМЖ кез-дегі кейінгі іс-қимылдарының қажеттілігі туралы хабарлау жүзеге асырылады.

26. Алматы қаласы әкімдігінің әзірленген іс-қимыл жоспары бойынша ҚМЖ кезең-дерінде Алматы қаласының көшелеріндегі көлік ағыны реттеледі.

27. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, қосымша білім беру ұйымдарына:

жылжымалы датчиктерді пайдалана отырып, үй-жайлар ішіндегі ауа сапасына мони-торинг жүргізу;

желдету жүйелерін тексеру кестесін бекіту және сүзгілерді тұрақты түрде тазалау және ауыстыру;

гимнарттарда ҚМЖ жағдайында ұсынымдары бар жадынамалар орналастыру;

ҚМЖ кезінде іс-қимылды түсіндіру үшін ата-аналармен және (немесе) оқушылармен үнемі кездесуді өткізу;

ҚМЖ салдарынан денсаулық жағдайы нашарлаған кезде медициналық персоналды көмек көрсетуге даярлауды қамтамасыз ету;

ластанған ауамен ұлану кезінде алғашқы көмек көрсету бойынша дәрістер өткізуді қамтамасыз ету;

медицина қызметкерлерінің балаларды үнемі тексеріп отыруы ұсынылады.

28. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, қосымша білім беру ұйымдарына ҚМЖ кезеңінде:

ашық ауада сабақтар, жаттығулар, спорттық іс-шаралар өткізбеу, оқушылардың да-лада болу уақытын барынша қысқарту;

балалар мен оқушыларға бір реттік немесе қайта пайдалануға болатын бетперделер таратуды қамтамасыз ету ұсынылады;

29. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, қосымша білім беру ұйымдарына үшінші дәрежелі ҚМЖ кезеңінде қосымша:

үшінші дәрежелі ҚМЖ кезеңінде өткізу қағидалары бойынша оқушылар мен олардың ата-аналарын техникалық қолдаудың жедел желісін ұйымдастыру;

оқушылар мен ата-аналарға онлайн-режимінде мінез-құлық қағидаларын және процесті ұйымдастыруды түсіндіру;

балалардың денсаулық жағдайын қадағалау үшін ата-аналармен үнемі байланыста болу ұсынылады.

30. Алматы қаласының әкімдігі ҚМЖ басталу кезеңіне ден қою шаралары бойынша тұрақты оқу-жаттығулар ұйымдастырады және өткізеді.

2-тарау. Автокөлік құралдарын пайдаланудың жекелеген мәселелерін реттеу

31. Қоғамдық көлікті дамыту, қалалық қоғамдық көлік паркін және инфрақұрылы-мын ұлғайту және тұрақты жаңарту Алматы қаласының атмосфералық ауасын қорғау жөніндегі қызметтің басым бағыттарының бірі болып табылады.

32. Алматы қаласының әкімдігі Алматы қаласының автомобиль паркін жаңартуды экономикалық ынталандыру шараларын (бұдан әрі – Шаралар) іске асыруда.

33. Алматы қаласының аумағында 2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін тірк



тариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № КР ДСМ-2 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26447 болып тіркелген) сәйкес белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтарының өлшемдері туралы мәліметтерді де ұсынады.

47. Шығарындылардың стационарлық көздері бар ІІІ санаттағы объектілер:
1) қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсынған кезде Алматы қаласының әкімдігіне қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынады;
2) шығарындылардың көлемін, құрамын және нүктелерін көрсете отырып, ластағыш заттардың шығарындыларын есепке алуды жүргізеді және есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызына дейінгі мерзімде Цифрлық объектіге жылына кемінде бір рет ақпарат береді;
3) Алматы қаласының әкімдігіне есепті көзбеннен кейінгі айдың 10 наурызына дейінгі мерзімде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуы және іс жүзіндегі шығарындылар туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;
4) нәтижесінде адамдардың өмірі мен денсаулығына және (немесе) қоршаған ортаға қатер қауіпі бар немесе қатер төнген атмосфералық ауаның ластануын туғызған авариялық шығарындылар туралы ақпаратты авариялық шығарынды нәтижесінде зақымдану қатеріне ұшырайтын ұйымдарға және мемлекеттік органдарға беріледі;
5) Алматы қаласының атмосфералық ауасын қорғау саласындағы арнаулы экологиялық талаптардың сақталуына мониторингті жүзеге асыру үшін шығарындылардың стационарлық көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді;
6) шығарындыларды төмендететін технологияларды әзірлейді және енгізеді;
7) шаң түзілуі мүмкін жерлерде шаң басқу құралдарын қолданады;
8) атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындыларын тазартуға арналған құрылысжайлардың немесе жабдықтардың қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны беру кезінде мәлімделген тиімділігін қамтамасыз етеді;
9) атмосфералық ауаның ластануын төмендету мақсатында техникалық және технологиялық тәсілдерді енгізеді және жетілдіреді, отынның, шикізаттың, материалдардың баламады түрлерін қолданады;
10) стационарлық және жылжымалы көздерден ластағыш заттардың шығарындыларын ұстау, есепке жарату, залалсыздандыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады және олар туралы хабар береді, сондай-ақ қолайсыз метеохағдайлар кезеңінде іс-шараларды орындайды;

11) атмосфералық ауаға ластағыш заттардың авариялық шығарындыларының алдын алу және жою, сондай-ақ оның ластану салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;
12) газды тазарту және атмосфералық ауаға ластауыш заттар шығарындыларын бақылау қондырғыларын пайдалану жөніндегі талаптарды іске қосады және сақтайды;
13) шаруашылық және өзге де қызмет объектілерінің санитариялық-қорғау аймақтарының режимін сақтауды қамтамасыз етеді;
14) атмосфералық ауаны ластанытін қалдықтардың шаруашылық және өзге де қызмет объектісінің тиісті аумағынан осындай қалдықтарды жинап қоюдың немесе көмудің мамандандырылған орындарына уақытылы әкетуді қамтамасыз етеді.
48. Уәкілетті ұйым ұсынылған декларация бойынша ластағыш заттар шығарындыларынң декларацияланған көлемдерге сәйкестігін тексеру мақсатында ластану көзіне бара отырып, оның нақты көлемін бағалайды.

Бағалауды жүргізу үшін уәкілетті ұйым әдістемелік ұсынымдар қабылдайды.
Анық еместігі ластағыш заттар шығарындыларының, төгінділерінің декларацияланған көрсеткіштерімен салыстырғанда қоршаған ортаға антропогендік әсер етудің асып кетуінде керініс табатын қоршаған ортаға әсер ету туралы анық емес декларацияны ұсыну анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым Алматы қаласы бойынша Экология департаментін Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 144-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шаралар қабылдау үшін Алматы қаласы бойынша экология департаментін хабардар етеді – Кодекс), және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 328-бабының 4 және 5-бөліктеріне сәйкес әкімшілік жаза қолдану фактісі расталған жағдайда.

4-тарау. Ластағыш заттар шығарындыларының деңгейі төмен аймақты ұйымдастыру

49. Осы Қағидаларға сәйкес Аймақта Алматы қаласының аумағына және автокөлік құралдарына қатысты арнайы экологиялық талаптар белгіленеді.

1-параграф. Аймақ аумағына қатысты арнайы экологиялық талаптар

50. Арнайы экологиялық талаптар Жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарда, кәсіпорындар мен жеке тұрғын үйлердің аумақтарында, тұрғын үй секторының, мектеп және мектепке дейінгі мекемелердің аула және аулашілік аумақтарында, барлық көшелерде және өзге де орындарда, кез келген өртеуге арналған қондырғыларда, контейнерлерде, урналарда, ашық немесе жабық тәсілмен қатты күйдіруге қол бермеуге бағытталған тұрмыстық қалдықтар, өндірістік қалдықтар, автошиналар, пластик және полиэтилен қалдықтары, оның ішінде қауіпті қалдықтар.
Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптарды анықталып жатқан бұзушылықтар жөнінде Алматы қаласы бойынша Экология департаментіне Кодекстің 144-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шараларды қабылдау үшін және құқық бұзушылық фактісі расталған жағдайда Әкімшілік кодекстің 324-бабына сәйкес әкімшілік жаза қолдану үшін хабарланады.

51. Аймақ аумағында азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдарды іске қосуға жол берілмейді.

52. Аймақ аумағында:
1) төтенше жағдайларда жылумен және энергиямен жабдықтаудың резервтік көздерін пайдалану жағдайларын қоспағанда, Алматы қаласының газдандырылған аудандарында шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік мұқтаждықтары, жеке тұрғын үйлердің жылыту қазандықтары, моншалар, көпөлпәрілі тұрғын үйлерді жылытатын жекелеген қазандықтар үшін қатты және сұйық отын пайдаланылмайды;
2) шығарылған газдарды тазарту қондырғыларымен жабдықталған, ақаусыз жұмыс істейтін және жобалық тазартуды және (немесе) залалсыздандыруды қамтамасыз ететін ластағыш заттар шығарындыларының көздері пайдаланылады;
3) пайдаланылған газдарды тазарту жүйелерімен жабдықталмаған, қуаты 10 киловатттан аспайтын бензинді және дизельді генераторлар қолданылады;
4) пайдаланылған газдарды тазарту жүйелерімен жабдықталған арнайы техника (экскаваторлар, таптағыштар, бульдозерлер, тракторлар және басқалар) пайдаланылады;
5) атмосфералық ауаға теріс әсер етуді болдырмау мақсатында қала аумағын тазалау және қыста қар мен көктайпаққа қарсы күрес VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс ХХІ сессиясының 2024 жылғы 19 шілдедегі №138 шешімімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1776-02 болып тіркелген) Алматы қаласының аумағын абаттандыру қағидаларында көзделген тәсілдермен және құралдармен жүзеге асырылады.

2-параграф. Автокөліктер құралдарына қатысты Аймақтағы арнайы экологиялық талаптар

53. Аймаққа кіру рұқсаты автокөлік құралдарына олардың осы Қағидаларға сәйкес автокөлік құралының техникалық зерттеп-қараудан оң өтуімен расталатын пайдаланылған газдардағы ластағыш заттардың құрамы нормаларына сәйкес келген жағдайда беріледі.

54. Аймаққа кіру деңгейі Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 ақпандағы №1/19 қаулысымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1800-02 болып тіркелген) бекітілген Автомобиль көлік құралдарының шығарындыларын мониторингінлеу қағидаларына (бұдан әрі – мониторинг қағидалары) 4-қосымшаға сәйкес айқындалатын автокөлік құралының экологиялық сыныбына байланысты болады.

55. Алматы қаласының әкімдігі Аймақ аумағында қолданылатын ақпараттық белгілерді орнатады.
56. Осы Қағидаларда реттелмеген Аймақтағы автокөлік құралдарын пайдалануды реттеудің барлық өзге мәселелері Цифрлық объектіде орналастырылатын жария шартта реттеледі.

57. Аймақ туралы ақпарат, жүру карталары мен схемалары, Аймақ ішіндегі сапарларды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық және басқа да қажетті ақпарат Цифрлық объектіде орналастырылады.

58. Аймақты онлайн әкімшілендіру функционалын іске асыру шеңберінде, басқалармен қатар мыналар: қолданыстағы және құрылатын бейне және өзге де қашықтан бақылау жүйелерімен интеграция; биллинг операторының және/немесе Аймақ операторының жұмыс істеуі; автокөлік құралдары иелерінің жеке кабинеттерін құру; аймақтың интерактивті картасы; көліктің жекелеген түрлерінің ағынын реттеу қамтамасыз етіледі.

Хабарламалар пайдаланушының Цифрлық объектідегі жеке кабинетіне Цифрлық объектіде тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша мәтіндік хабарламамен не хабарламаны немесе шақыруды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберіледі.
Аймақ операторының бастамасы бойынша Аймақты әкімшілендіру мақсатында Цифрлық объектімен интеграцияланған жеке цифрлық объект құрылады.

59. Алматы қаласының әкімдігі Аймақты әкімшілендіру үшін, оның ішінде Пилоттық жобаны іске асыру кезінде жарғылық капиталдына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға арқылы Аймақ операторын айқындайды.

60. Аймақ операторы мынадай іс-шаралардың орындалуын да қамтамасыз етеді:

1) Аймақ шекараларының аудиті;
2) жүйенің архитектурасын әзірлеуді және енгізілетін шектеулерді басқаруды бақылау;
3) көлік ағындарын өлшеу;
4) Аймаққа кіретін көлікті есепке алу және деректерді талдау жүйесін әзірлеуді бақылау;
5) шектеулерді іске асырудың әсерін бағалау;
6) Аймақты әкімшілендіру үшін жеке цифрлық объектіні әзірлеуді бақылау;
7) Аймақты басқару жүйесін қолданыстағы және құрылатын жүйелермен интеграциялау процесін ұйымдастыру;
8) автокөлік құралдарын техникалық зерттеп-қарау нәтижелерін жинау және талдау, автокөлік құралдарының ластағыш заттар құрамы нормаларына сәйкестігін айқындау жүйесін құру.
61. Техникалық қарап-тексеруді «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-қосымшасының 84-2-тармағына сәйкес техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне рұқсаты бар, уәкілетті ұйыммен осы Қағидаларға сәйкес автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруді жүргізуге шарт жасасқан Алматы агломерациясының аумағында техникалық қарап-тексеру желілері бар техникалық қарап-тексеру операторлары жүргізеді.

62. Автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруден өткізуге шарт техникалық қарап-тексеруден өткізудің әрбір желісінде тіркелген және тексерілген газ талдауыш пен түтін өлшеуші болған жағдайда жасалады, оның ішінде:

СО және СН газталдағышы;
Lambda коэффициентін өлшеу;
дизельді қозғалтқыштардың түтіндеу деңгейін өлшеу.
Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жабдық нақты уақыт режимінде өлшенген деректерді Аймақ операторына автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін техникалық қарап-тексеру жүйесінде пайдаланылмайтын арнайы бағдарламалық жасақтамаға қосылады.

Мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар автокөлік құралдарын техникалық зерттеп-қараудан өткізуге арналған шартта көзделеді.

63. Оқытудан өткен және уәкілетті ұйымда оқытудан өткені туралы жарамды серти-

фикаты бар мамандардың талап етілетін саны, техникалық қарап-тексеруді жүзеге асыратын әрбір техникалық қарап-тексеру желісін кемінде екі маман.

64. Автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруден өткізуге арналған шарт Цифрлық объектіде орналастырылған нысан бойынша жасалады.

65. Автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруден өткізуге арналған шарттың қолданылу мерзімі 3 (үш) жылды құрайды, оның қолданылу мерзімі шексіз рет автоматты түрде ұзартылады.

66. Автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруден өткізуге шарт жасасқанға дейін уәкілетті ұйым техникалық қарап-тексеру желілерінің осы Қағидалардың 64 және 65-тармақтарында белгіленген талаптарға іс жүзінде сәйкестігін тексереді.

67. Техникалық қарап-тексеру желілерінің осы тарауда белгіленген талаптарға нақты сәйкестігін тексеруді уәкілетті ұйым сол жерге барып жүзеге асырады.

68. Автокөлік құралдарын техникалық зерттеп-қараудан өткізуге арналған шартты уәкілетті ұйым онда көзделген жағдайларда, сондай-ақ:

техникалық қарап-тексеру операторы нақты қарап-тексеруді жүргізбей-ақ қарап-тексеру нәтижелерін беруге жол берген;
тексеру фактісі бейнетіркеумен расталмаған;
оператор жабдықтың жыл сайынғы міндетті салыстырып тексеруден өтуі туралы мәліметтерді ұсынбаған;

маман техникалық зерттеп-қарауды жүргізу тәртібін бұзған жағдайда бұзады.

69. Бір күнтізбелік жыл ішінде техникалық байқау желісінің маманы жіберген екі және одан да көп бұзушылықтар анықталған жағдайда, Уәкілетті ұйым уәкілетті ұйымда осы маманның оқудан өткені туралы сертификаттың күшін жояды.

70. Уәкілетті ұйым автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруден өткізуге жасалған шартқа сәйкес техникалық қарап-тексеру желісінің әрбір маманы үшін зерттеп-қарау нәтижелерін пайдалану және Аймақ операторына беру мақсатында мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуге қол жеткізу үшін пайдаланылатын электрондық сәйкестендіру кілтіп береді.

71. Техникалық қарап-тексеру операторлары автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруден өткізуге жасалған шарттар бойынша жасалған шартта көрсетілген жабдықтар мен мамандар құрамындағы өзгерістер туралы осындай өзгерістер болған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті ұйымға электрондық нысанда хабарлама жіберу арқылы уәкілетті ұйымды хабардар етеді.

Техникалық қарап-тексеру операторының осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптарды сақтамауға да автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруді жүргізуге арналған шартта белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

72. Техникалық қарап-тексеру операторлары техникалық қарап-тексеруді автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруден өткізуге арналған шартта және «Жол көлігі. Атмосфералық ауаға автокөлік құралдарының пайдаланылған газдарымен ластағыш заттардың шығарындылары. Нормалар мен әдістер» 1433-2017 КР СТ-да көзделген тәртіптен жүзеге асырады.

73. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мониторинг қағидаларында белгіленетін: автокөлік құралдарын санаттар бойынша жіктеу; бензинмен және (немесе) газ отынымен жұмыс істейтін автокөлік құралдары үшін мәжбүрлеп оталдыру қозғалтқышының пайдаланылған газдарындағы көміртегі монооксиді (СО), көмірсутектер (СН) мөлшерінің нормалары;
мәжбүрлі оталдыру жүйесі бар қозғалтқыштармен жабдықталған автокөлік құралдары үшін пайдаланылған газдардың түтіндік нормалары қолданылады.

74. Автокөлік құралдарын техникалық қарап-тексеруден өткізу тәртібі Алматы қаласында пайдаланылатын мынадай автокөлік құралдарына: М1 санатындағы жеңіл автомобильдер, М2 және М3 санатындағы автобустарға, N1, N2 және N3 санатындағы жүк автомобильдеріне, L санатындағы мотоциклдерге қолданылады.

75. Техникалық қарап-тексеру желісінің маманы техникалық қарап тексеруді орындайды, оның қорытындысы бойынша электрондық нысанда сақталатын техникалық қарап-тексерудің электрондық хаттамасын қалыптастырады, сондай-ақ көлік құралдарын есепке алу журналын электрондық форматта толтырады.

Көрсетілген ақпарат арнайы бағдарламалық жасақтамада пайда болған сәттен бастап кемінде үш жыл бойы сақталады.

76. Техникалық зерттеп-қарау нәтижелерінің қолданылу мерзімі оны өткізген кезден бастап күнтізбелік 12 ай.

77. Аймақ операторы зерттеп-қараудың электрондық хаттамасы негізінде автокөлік құралының Мониторинг қағидаларында белгіленген ластағыш заттардың нормаларына сәйкестігін айқындайды.

78. Техникалық зерттеп-тексеру нәтижелері Цифрлық объектіде көрсетіледі.

5-тарау. Арнайы экологиялық талаптардың бұзылуын анықтау

79. Уәкілетті органдар аккредиттелген зертханаларды тарта отырып, жылына кемінде 1 рет Алматы қаласының коммуналдық және жеке автопаркерімен осы Қағидалардың 38, 39 және 40-тармақтарының орындалуын бақылау арналған іс-шаралар жүргізеді. Көрсетілген тармақтардың талаптарын бұзу анықталған кезде уәкілетті ұйым материалдарды тиісті автопаркті экологиялық нормалар мен талаптардың сақталуы тұрғысынан тексеруге бастамашылық ету мақсатында Алматы қаласы бойынша экология департаментіне жібереді.

80. Жедел өзара іс-қимыл жасау мақсатында Алматы қаласының әкімдігі мүдделі

мемлекеттік органдармен, ғылыми институттармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп бірлескен іс-қимыл хаттамаларын және тұрақты деректер алмасу тетіктерін бекітеді.

81. Шығарындылар көзінің әсер ету аймағында атмосфералық ауаның ластануының белгіленген нормативтерден асуы анықталған жағдайда, жауапкершілік объект операторына жүктеледі.

82. Арнайы экологиялық талаптардың бұзылуын анықтау шығарындылар көздерінде жүзеге асырылады және Алматы қаласының атмосфералық ауасы жай-күйінің нашарлауына әсер ететін объектілерді жүйелі бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған.

83. Уәкілетті ұйым уәкілетті мемлекеттік органдарға Алматы қаласының атмосфера-лық ауасын қорғау саласындағы арнайы экологиялық талаптардың бұзылуын анықтауға жәрдем көрсетеді.

84. Алматы қаласының атмосфералық ауасын қорғау саласындағы арнайы экологиялық талаптардың бұзылуын анықтау мақсатында пайдаланылатын өлшеу құралдары «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес метрологиялық салыстырып тексеруге жатады.

85. Алматы қаласының атмосфералық ауасын қорғау саласындағы арнайы экологиялық талаптардың сақталуын бақылау: шығарындылардың жылжымалы көздеріне (жеке және қоғамдық автокөлік құралы коммерциялық қызметтердің көлігі; коммуналдық көлік және техника); шығарындылардың стационарлық көздеріне; шығарындылардың стационарлық ұйымдастырылмаған көздеріне (қоқыс полигондарында қалдықтарды жағу, стихиялық өрттер, пиротехникалық құралдарды пайдалану) қатысты жүргізіледі.

86. Алматы қаласының атмосфералық ауасын қорғау саласындағы арнайы экологиялық талаптардың бұзылуын анықтау құралдары, оның ішінде: тұрақты және жылжымалы экологиялық бекеттердің қызметі; автокөлік құралдарының шығарындыларындағы ластағыш заттардың концентрациясының асып кетуін анықтау үшін спектрометрлерді қолдану; шығарындылардың стационарлық көздеріне қатысты осы Қағидалардың талаптарының бұзылуын анықтау үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану; e-otinish және Цифрлық объектімен интеграцияланған мессенджерлер арқылы осы Ереженің талаптары бұзылған жағдайда азаматтардың өтініштерін қабылдау болып табылады.

87. Алматы қаласының стационарлық және жылжымалы экологиялық бекеттері шығарындыларындағы ластағыш заттардың мөлшері нормативтен асатын автокөлік құралдарын пайдалануды анықтау мақсатында автокөлік құралдарының уыттылық және түпінділік нормаларына сәйкестігіне мониторинг және бақылау пункттері болып табылады және өз қызметін Мониторинг қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

88. Экологиялық бекеттердің жұмысына:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы қаласы полиция департаменті полиция қызметкерлерімен стационарлық және жылжымалы экологиялық бекеттерді қамтамасыз етуді, автокөлік құралдарын тоқтатуды, эколог-операторлардың қауіпсіз жұмысын жүзеге асырады;

стационарлық және жылжымалы экологиялық бекеттерді оқытылған оператор-экологтармен, аспаптармен және жабдықтармен қамтамасыз етуді, автокөлік құралдарының пайдаланылған газдарын өлшеуді жүргізуді, алынған деректерді ресімдеуді және бастапқы өңдеуді жүзеге асыратын аккредиттелген экологиялық зертхана қатысады.

89. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы арнайы экологиялық талаптарды сақтаудың бұзылуын анықтау барысында алынған ақпарат Цифрлық объектіге беріледі және интеграцияланады.

90. Уәкілетті ұйым Алматы қаласының атмосфералық ауасын қорғау саласындағы арнайы экологиялық талаптарды сақтаудың бұзылуын анықтау бұзушылықтары және Кодекстің 13-тауымында және Әкімшілік кодексте көзделген шараларды қабылдау үшін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етеді.

91. Уәкілетті мемлекеттік органдар уәкілетті ұйымға қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-проектіс кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.

92. 22, 23, 38 тармақтарында, 39 тармақтың 1) және 2) тармақшаларында, 41, 44 тармақтарында, 47 тармақтың 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларында, 50, 51 тармақтарында, 52 тармақтың 1) және 5) тармақшаларында, 53 тармақта белгіленген талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда, Алматы қаласы Экология басқармасына 144 тармақтың 5) тармақшасына сәйкес шаралар қабылдау үшін хабарланады, ал құқық бұзушылық фактісі расталса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 324-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік қолданылады.

93. 39 тармақтың 3), 4) тармақшаларында, 40, 46-тармақтарда, 47-тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында белгіленген талаптардың анықталған бұзушылықтары бойынша Кодекстің 144-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шаралар қабылдау үшін және расталған жағдайда Алматы қаласы бойынша экология департаментін хабардар етіледі ӘҚБтК-нің 327-1-бабына сәйкес әкімшілік жаза қолданудың құқық бұзушылық фактісі.

94. 43, 52 тармақтың 2), 3) және 4) тармақшалары, 71 және 75 тармақтарында белгіленген талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда, Алматы қаласы Экология басқармасына 144 тармақтың 5) тармақшасының 3) тармақшасына сәйкес шаралар қабылдау үшін хабарланады, ал құқық бұзушылық фактісі расталса, ӘҚБтК 331-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік қолданылады.


Атмосфералық ауаны қорғау қағидаларына 1-қосымша

Алматы қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі

№	Алматы қаласындағы ластағыш заттың орташа тәуліктік нақты концентрациясынан асу еселігі	Алматы қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі	Қолайсыз метеорологиялық жағдайлардың дәрежесі	Кәсіпорындардың жұмыс режимі	Халыққа арналған ұсыныстар
1	Барлық ластағыш заттар бойынша 1 асып кетуден кем құрайды	Төмендетілген	-	-	-
2	Кем дегенде бір ластағыш зат бойынша 1-ден астам асып кетуді құрайды	Жоғарылатылған	1 дәреже	Бірінші режим бойынша атмосфераның жерге жақын қабатындағы ластағыш заттардың концентрациясын 15–20%-ға төмендетуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, техникалық сипаттағы іс-шаралар жүргізіледі	көшеде жүруді шектеу; көшеде болған кезде медициналық немесе матадан жасалған маскаларды пайдалану; үй-жайларды тек қана кондиционерлермен желдету; жабық спорт кешендерінде дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу; неғұрлым қолайсыз метеорологиялық жағдайлар мен атмосфералық ауаның ластану деңгейі байқалатын жылдың айларында қала сыртындағы аймаққа демалуға, санаториялық-курорттық сауықтыруға шығуды жүзеге асыру
3	Кем дегенде бір ластағыш зат бойынша 2-ден астам асып кетуді құрайды	Жоғары	2 дәреже	1 дәреже үшін әзірленген іс-шаралар, сондай-ақ технологиялық процестерге әсер ететін және атмосфераның жерге жақын қабатындағы ластағыш заттардың концентрациясын 20–40% төмендетуді қамтамасыз ететін кәсіпорының өнімділігінің шамалы төмендеуімен жүретін іс-шаралар жүргізіледі.	«жапырақша» типті қорғаныс киімдері мен респираторларды пайдалану; денеден ластағыш заттарды кетіру үшін душ немесе ылғалды сурту; мол сусын (сүт, шай, сүт қосылған кофе); диеталық тамақтану, тұзды, майлы және қиын сіңіретін тағамдарды шектеу; ауыз қуысын 2% сода ерітіндісімен шаю; дәрігердің тағайындауы бойынша жоғары дозада А, В, С тобының витаминдерін қабылдау; жүрек-қан тамырларын; десенсбилизациялаушы, қақырық түсіретін және био- және имунды-ынтал



Мәскеудегі Қазақстан мәдениетінің онкүндігіне қатысқан скрипкашы. 1936 ж.



Әлім Алмат, зайыбы Еділ, баласы Төре. Стамбул, 1956 жыл.

СКРИПКА-ТАҒДЫР

Диссиденттің ғасырлық ғұмыры

2018 жылы Стамбулда қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби скрипкашы Әлім Алмат ақсақал 101 жасында өмірден өтті. Тағдыры тоқсан толғақты аңыз адамға ақыреттік топырақ түрік жұртынан бұйырды. Өз заманында Мәскеу, Вена және Париждегі өнер ордаларында оқыған, бір кездері Мұстафа Шоқайдың «баласы» атанған диссиденттің ғұмыры қазақтың бір ғасырлық тарихын өзіне жинақтағандай еді.



Нұрлан
СҮЙІН

АҚҚҰМДА АУНАП ӨСКЕН БАЛА

Әлім Алмат атанып жүрген ол кісінің шын есімі – Ғалымжан Әбсәлямов. 1917 жылы Ырғыздың Аққұмында дүниеге келген. Баба-сы патша заманында өмір сүрген Алмат Тобабергенұлы (1805–1895 ж.ж.) сардар атанып, би болған. Ғалымжан сол сардар Алматтың екінші ұлы Төремұрат болыстың немересі.

Өз әкесі Әбдісалам ерте қайтыс болып, кішкене кезінде болыс атасының тәрбиесінде болған. Ғалымжанның бұралаң тағдыры Совет билігі орнап, би, болыстарды құдалау лебімен бірге басталды.

Жетім қалған Ғалымжанды туған ағасы, қазақтың тұңғыш кәсіби кинооператоры Файзулла Әбсәлямов Ташкентке, нағашы боп келетін Темірбек Жүргеновке алып барды. Темкең бірінші кезекте білім алу керектігін айтып, кім болғысы келетінін сұрайды. Бұл математик не инженер болғысы келетінін айтқан. Ол заман қазақ жерінде математик дайындау қиын кезең еді, сондықтан да нағашысы өзімен бірге Алматыға алып кетіп, Алматы музыка техникумының скрипка класына құжат тапсырғызады. Тектің тұқымы музыка, өнерден де хабары бар еді. Кейін Екінші жаһан соғысында тұтқынға түскенінде осы скрипканың арқасында өмірі Берлин, Париж, Стамбулда жалғасқан.

САХНАДАН МАЙДАНҒА ДЕЙІН

Ол кез Темірбек Жүргеновтің Қазақстан Халық ағарту комиссары боп келіп жатқан кезі болатын. Ғалымжан музыка техникумын бітіріп, Мәскеу консерваториясына құжат тапсырып үлгерген. Оған дейін 1936 жылы Қазақстанның Мәскеудегі мәдени күндеріне Ахмет Жұбановтың жасақтаған оркестрі құрамында барып келген. Сталиннен бастап бәрі таңқалған Мәскеудегі мәдени декададан кейін қазақ зиялыларының басына қара бұлт үйірілді. 1937-1938 жылғы зобалаң-репрессия басталды. Реп-

рессияда Ғалымжанның нағашысы «Темір-нарком» – Темірбек Жүргенов те ұсталып, атылды. Ғалымжанның басына қиын күндер қайта оралды. Тығырықтан шығар жол таба алмай, Мәскеу консерваториясы студенті өзі сұранып, 1939 жылы әскерге кетті. 1941 жылы соғыс оты бұрқ етіп, әскери қызметі аяқталмаған Ғалымжан Брест қорғанысынан бір-ақ шықты. КСРО астанасын екі армия қорғап, жауынгерлердің негізі қырылған, қалғандары тұтқынға түскен кезең еді бұл. Тек жауынгерлердің жан-кештілігімен, әскердің бар күші шоғырланған, үш жауынгердің екеуі қаза болған майдан еді ол.

Ғалымжан да Брест қорғанысында қатты жараланып, тұтқынға түседі. Осымен оның Германия, Польша жерлеріндегі концлагердегі өмірі басталды. Бұл – Алаш қайраткері, диссидент Мұстафа Шоқайдың «Түркістан легионын» құрамын деген желеумен тұтқындағы азиаттарға қолдан келгенше көмек жасаған 1941 жылы болатын. Мұстафа Шоқай бас-аяғы үш айда 180 мың негізінен мұсылман тұтқынның өміріне араша болған екен. Солардың қатарында болған Ғалымжан Алаш көсемінің көмегімен жеңіл жұмысқа жіберілген. Ол да бір өнермен қайта табысу мүмкіндігі еді. Өкінішке орай, Мұстафа Шоқай 1941 жылы желтоқсанда ауруханада, жұмбақ жағдайда қайтыс болды.

ҚАЙТА ТАБЫСҚАН СКРИПКА

Қайраткердің көмегімен «жеңіл жұмысқа» жіберілген Ғалымжан неміс офицерінің үйінде күтуші боп жүрді. Жасыратыны жоқ, тамағы тоқ, киімі бүтін Ғалымжанның көңілін тек бір нәрсе бөле берді. Ол – бөлмеде тұрған фортепиано (пианино). Сол аспапты көрген сайын ойы сан-саққа шарықтайды, тіпті тұтқында екенін де ұмытып кете жаздайды. Бір күні жан-жағына қарап, ешкім жоқ екеніне көзі жетіп, аспаптың алдына отырды. Саусақтары клавишке тигенде, дүниенің бәрі ұмыт болды. Көсіліп тұрып небір классикалық туындыларды ойнады ғой. Ту сыртынан біреу қарап тұрғандай болып, бұрылса, аңтаң боп неміс офицері тұр. Азиат тұтқынның кәсіби ойнауына аң-таң, әрине. Екеуі де өз-өзіне келгесін кім, не, қалай деген сұрақтар басталады ғой. Ғалымжан өзінің кәсіби скрипкашы екенін, әскерге Мәскеу консерваториясынан алынғанын айтады.

Содан не керек, музыканттың өміріне қаныққан неміс офицері Ғалымжанды ертіп алып, Берлин филармониясына тапсырыпты. Қандай кезең болса да, ішкі мәдениетін, зиялылығын жоймайтын, әрбір адамы өнерді өмірден биік қоятын халықтар болатынын сол кезде түсінді Ғалымжан. Бұл да бір өмір сабағы еді. Сол жылдарда Ғалымжан Вена консерваториясында дәріс

алды. Солай Ғалымжан Әбсәлямов скрипкамен қайта табысқан кезең болды.

«МҰСТАФАНЫҢ ЖИЕНИ»

Соғыс біткенде, өзін Совет Одағында еш жақсылық күтіп тұрмағанын сезген Ғалымжан қалай болғанда да, Париждегі Мұстафа Шоқайдың жесірі Мария Шоқайдың мекенжайын тапқысы келді. Тұтқында бірге болғандардың бірі Қарыс Қанатбаевтан адресті алып, Парижге хат жазды. Мария Шоқайдан жауап алып, ол кісі Парижге шақырады. Мария Шоқай Ғалымжанды Мұстафаның туған бауырындай қабылдап, былайғы жұртқа «Мұстафаның жиені» деп таныстырып, ресми құжаттарын жөндеп, Франциядағы Рахманинов консерваториясына оқуға түсуге көмектеседі. Ол жайында Мария Шоқай естелігінде былай деп жазыпты: «...1947 жылы Германиядан Мұстафаның қандасы, скрипкашы Ғалымжан келді. Ол скрипкада шебер ойнайтын. Оған консерватория бітіргені жөнінде құжат керек болатын. Мен оны Париждегі Рахманинов консерваториясына жаздым...».

Үш-төрт жыл Парижде Мария «анасымен» тұрған Ғалымжан Мария Шоқайдың батасымен 1950 жылы Түркияға қоныс аударды. Соңына түсетіндерден қорыққан Ғалымжан тегін Алим (Әлім) Алмат деп өзгертті. Стамбулда татар қызы Итилмен (Еділ) бас қосты. Мария Шоқаймен байланысын үзбей, ол кісі өмірден өткенге дейін хат жазысып тұрды. Мария «анасы» әр хатын «Қымбатты менің балаларым...» деп бастайтын. Мария Шоқай өмірінің соңы жақындағанда Әлім Алматқа Мұстафа Шоқайдың біраз дүниесін (жазу машинкасын, біраз архивін) елден алып кеткен туған жердің топырағын табыстаған. Мысалы, қазіргі қолданыста жүрген Абылай хан суреті Шоқайдың архивінен шыққан. Әлім Алмат болса Шоқай мұраларын жетпісінші жылдары Совет Одағынан барған делегацияның ішінен қазақтарды тауып, соларға табыстаған.

БЕЙБІТ ӨМІР БАСТАУЫ

Отбасын құрған Әлім Алматтың бейбіт өмірі сол 1950 жылдардан басталды. Үш консерваторияда дәріс алған скрипкашы еңбек жолын Стамбул оркестрінде скрипач-музыкант боп жалғастырды. Елдің айтуынша, классикалық музыканың мықты орындаушысы болыпты. Қалай болғанда да, талай өлімнен алып қалған сол скрипка ғой. Зейнетке шыққанша, 25 жыл сол жерде еңбек етті. Еділ екеуі ұлды боп, оған Төре деп ат қойды. Немересін Мұрат деп атап, бабасы Төремұрат болыстың есімін жаңғыртты.

Совет заманында қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби скрипкашыны елге қайтару шаралары да жасалған. Ондай жұмыспен

кім айналысатыны белгілі. Тіпті, алпысыншы жылдары туған ағасы, оператор-режиссер Файзулла Әбсәлямовты Түркияға жіберген. Бірақ бауырымен табысқан Әлім Алмат бәрібір келмеді. 1970 жылдарда шетелге совет делегациясын бастап барған академик Сайын Балмұқанов Әлім Алматқа Қазақ ССР Бірінші хатшысы Д.Қонаевтың сәлемдемесін жеткізеді. Онда Димаш Ахметұлы «Елге оралсын. Енді қорқатын ешнәрсе жоқ» деген екен. Бірақ Стамбул филармониясының скрипкашысы Әлім Алмат елге оралмады.

Десе де, елден 1939 жылы кеткен скрипкашы туған топыраққа оралмады. Тек 1992 жылы Тәуелсіздік алған Қазақстанға, Дүние жүзі қазақтарының құрылтайына келгені бар. Сол келгенінде қазақтан шыққан тұңғыш скрипкашы саналатын Әйткеш Толғамбаевпен кездесті. Елу жылдан астам уақыттан кейін. Сонау отызыншы жылдары Ғалымжан музыка техникумын соңғы курсында жүргенде Әйткеш келіп оқуға түскен екен. Екеуі де соғыста болып, екеуі де тұтқынға түскен. Ғалымжан елге оралмай батыста қалса, Әйткеш елге оралып, «Отанын сатқан» деп қайта сотталып кетіпті.

Сол 1992 жылы келгенде туған топырақ Ырғызда болды. Тірі қалған туыстарымен кездесті, елу жылдан асқан уақытта. Алмат бабасының басына барып, Құран бағыштады. Ата-бабаларының жатқан жерін аралады... Бірақ онан кейін Отанға ат басын бұрмады. Оның себебі өзіне ғана аян.

Елдегі туыстар соңғы 15–20 жылда Стамбулда тұратын ақсақалмен байланыс орнатқан, барып-келіп тұрды. Ағайындар барып, 100 жылдығын атап өтті. Талайлы тағдыр иесінің өміріне қызыққан журналистер, тарихшылар да ақсақалға ат басын бұрып тұрды.

Елден барған журналистердің «Қазақстанда тұңғыш скрипкашы деп Әйткеш Толғамбаев саналады, бұған не дейсіз?» деген сауалға тоқсанға таяған Әлім Алмат былай деп жауап беріпті: «Ол дұрыс. Менен 4-5 жас кіші Әйткеш екеуіміздің тағдырымыз ұқсас. Екеуіміз де музыка техникумын скрипка класын бітірдік. Екеуіміз де соғысқа қатысып, тұтқында болдық. Бірақ соғыстан кейін екеуімізді екі жол күтіп тұр еді. Мен осында қалдым, ол Отанына оралды. Ол жақта оны тағы да түрме, тағы да қиындық күтіп тұрды. Десе де, ол жақсы күндерден үмітін үзбей, елдің тәуелсіздігін көрді. Сол себепті, оның есімі тұңғыш скрипкашы болып аталуы жөн». Бұл – нағыз өнер иесі, тағдырлы жанның сөзі еді.

Әлім Алмат (Ғалымжан Әбсәлямов) 1918 жылы Стамбулда 101 жасында өмірден озды. Ғасырдан асқан өмірінде бір адам баласы көретіннің барлығын көрді. Оның өмірі жақсы ма, жаман ба, оған уақыт төреші.



ТҰСАУКЕСЕР

«ӨМІР- ҒАЙЫП»

Жүзбай Серік балалар тағдыры арқылы қоғамға үн қатты

Алматыда қоғам белсендісі, ақын, сценарист, инклюзивті мәдениеттің жанашыры Жүзбай Серіктің өмірден алынған «Өмір-ғайып» кітабының тұсауы кесілді. Жүзбай Серік Qazaq Inclusive Theatre театрының негізін қалаушы, «Мирас-А» қайырымдылық қоғамдық қорының басшысы, «Инклюзивті қоғамды дамыту» Еуразиялық қауымдастығының құрылтайшысы, сондай-ақ «Батыр шапағаты» және «Мәдениет саласының үздігі» медальдарының иегері.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Автордың айтуынша, бұл тақырыпқа келуіне 15 жыл бұрын естіген ауыр оқиға себеп болған. Бірінен соң бірі тірідей жетім қалған сәбилер туралы хабар оның жанын қатты күйзелтіп, бұған тоқтау салуға итермелеген. Осылайша «Мирас-А» қайырымдылық қоғамдық қорын құрып, перзентханалармен жүйелі жұмыс бастаған.

Жүзбай Серіктің тастанды балалар мәселесімен айналы-

сып келе жатқанына 15 жылдан асқан. Бүгінге дейін 100-ден астам сәбидің анасына қайта қосылуына себеп болған.

Бес мың да-намен шыққан «Өмір-ғайып» кітабы – тастанды бала мәселесін терең қозғайтын, адам жанына үңілетін әлеуметтік маңызы зор туынды. Кітап көркем шығарма ғана



емес, үнсіз қалған сәбилердің үні, аналық өкініш пен үміттің көрінісі, қоғамға қойылған өткір сұрақ ретінде бағаланады.

«Ойдан шығарылмаған, өмірден алынған оқиғалар жинақталған туынды. Міне, бүгін

жылдар бойғы арманым ақиқатқа айналды. Кітаптың әр бетінде тағдыр, әр жолында шынайы өмір бар. Бұл кітапта тастанды баланың тағдыры, ананың ішкі айқайы мен арпалысы, қоғамның үнсіздігі суреттелген. Мен бұл кітапты атақ үшін жазған жоқпын.

Бір баланың өмірі сақталса екен деп, бір ана ойланса екен, бір жүрек бей-жай қалмаса екен деп жаздым. Қоғамдағы тағдырлар мен өмірде болып жатқан оқиғалар осы кітапта көрініс табады», – дейді Жүзбай Серік.



ҚОРШАҒАН ОРТА

Мен өмірімде алғаш рет шетелге сапар шектім. Бірақ бұл жәй саяхат емес, менің дүниетанымды кеңейтіп, экология мен технологияға деген көзқарасымды түбегейлі өзгерткен сапар болды. Өзім Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің Эко-клубының белсенді мүшесімін. Онда біз түрлі экологиялық жобалар жасап, табиғатты қорғау бағытында ізденеміз. Менің бағытым экологияны цифрлық кеңістікпен байланыстыру болғандықтан, Carbon Ecosystem жобасына қатысып, GITEX Dubai 2025 халықаралық көрмесіне баруға мүмкіндік алдым.

Біздің жобамыз экологиялық ойлар мен технологияларды біріктіретін инновациялық экожүйеге негізделген. Оның басты мақсаты – оқушылар, мұғалімдер және ұйымдар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тұрақты даму идеяларын цифрлық форматта тарату. Менің міндетім осы бастаманы жүзеге асыратын онлайн платформа, яғни эконатформа құру болды. Бұл сайтта адамдар өз идеяларын бөлісіп, табиғатты қорғау жолында нақты әрекет ете алады. Басында бәрі жәй ғана мектеп жобасы сияқты көрінді. Бірақ біз GITEX көрмесіне шақырылғанда, оның маңызын терең түсіне бастадым. Дубайға ұшар алдында мені «біз кішкентай командамыз, үлкен әлемге не көрсете аламыз?» деген ой мазалады. Аяйда, дәл осы сұрақ сапар соңында менің басты сеніміме айналды.

Дубайдың тазалығы,

ЖАСЫЛ БОЛАШАҚ

Жас буын нені түсіне бастады?

ғимараттардың биіктігі, технология мен табиғаттың үйлесімі мені қатты таңқалдырды. Сол сәтте «Мүмкін, болашақ тек роботтар мен жасанды интеллект емес, табиғат пен технологияның тепе-теңдігі шығар?» деген ойға келдім. Көрменің алғашқы күні мыңдаған стартап жобаларды көрдім. Әр павильон болашақтың бір бөлшегіндей әсер қалдырды. Роботтар, жасанды интеллект, жасыл энергия, киберқауіпсіздік, биотехнология – бәрі таңқаларлық еді. Біз өз жобамызды ұсындық. Бастапқыда қобалжыдым, бірақ шетелдік сарапшылар біздің экологиялық бағыттағы цифрлық бастамамызға шын көңілмен қызығушылық танытты. Бірнеше маман біздің сайттың концепциясын сұрап, оны оқу бағдарламасына енгізу туралы ұсыныс айтты. Сол сәтте мен кішкентай идеяның да үлкен мәнге ие болатынын түсіндім.

Форум барысында мен Dubai Chambers және Дубай университетінің өкілдерімен сөйлестім. Сол кезде диалогтың әлемдегі адамдарды байланыстыратын алтын көпір екенін ұқтым. Олар біздің экожүйемізді оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру құралы ретінде қарастырды. Бұл кездесудер маған ерекше сенім сыйлады. Біздің идеямыз тек экологияға ғана емес, білімге де үлес қосатынын дәлелдеді.

Кейін дубайлық бір IT-компания біздің жобамызға серіктес болуға дайын екенін жеткізді. Бұл еңбегіміздің нақты нәтижесі еді. Сол сәтте мен мына шындыққа

көз жеткіздім. Инновация тек кодпен алгоритм емес, ол – адамдардың ойы мен болашаққа сенімі.

Дубайда жүргенде мен бір парадоксты байқадым. Қараңызшы, бұл қала шөлдің ортасында орналасқан, бірақ әлемдегі ең «жасыл» технологиялар орталығы саналады. Табиғаты құрғақ, суы аз болса да, олар энергияны күннен алады, ғимараттарын экологиялық материалдардан салады. Бұл мен үшін үлкен сабақ болды.

Ал Қазақстанның табиғаты бай ел. Өзендер, ормандар, таулар көп. Бірақ сол байлықтың қадірін кейде түсінбей жатамыз. Дубай, керісінше, табиғи ресурсы аз болса да, оны сақтаудың мәдениетін қалыптастырған. Бұл – экологиялық ойлау парадоксы. Демек, экология – саналы білім мен парасатты ізденістің жемісі.

Қазақстанға оралған соң, біз командамызбен carbonai.kz сайты бойынша жұмысымызды жалғастырдық. Бұл платформа көміртек ізін азайтуға, ESG (экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік) көрсеткіштерін дамытуға және жасыл экономика идеяларын таратуға арналған. Біздің сайттағы материалдар экологияға жаңаша көзқарас қалыптастырады деп сенеміз. Мысалы, мен көміртек ізін есептеу жүйесін меңгердім. Яғни адамның немесе компанияның табиғатқа әсерін нақты деректермен өлшеуге болатынын білдім. Бұрын мен үшін экология тек табиғатты қорғау мен ағаш

отырғызу болса, енді оның артында технологиялық есеп, жасанды интеллект және жаһандық жауапкершілік бар екенін түсіндім.

Менің түсінгенім, экология тек табиғат туралы ғылым емес, ол адамның өзіне және өзгеге деген адамгершілік қарым-қатынасы. Егер адам табиғатты түсінсе, ол өзін де түсінеді. Ал егер біз табиғатқа зиян келтірсек, өз болашағымызға балта шапқанымыз.

Мен экологиялық ойлауды насихаттайтын, технологияны адамзат игілігіне бағыттауға тырысатын жас зерттеушімін. Менің миссиям – экология мен цифрлық әлемді біріктіріп, адамдарға табиғатты қорғаудың жаңа жолын көрсету. Болашақта мен эко-сайтты дамытып, ондағы жасыл стартаптар мен оқушылардың жобаларына арналған экобілім контентін біріктіргім келеді. Арманым – әр оқушы өз идеясын осы платформада жүзеге асырып, табиғатты қорғауға үлес қоса алатын экожүйе қалыптастыру.

Міне, Дубай мені армандауға және ізденуге үйретті. Енді мен өз елімде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосуға дайынмын. Бәлкім, бір күні мен құрған сайт Қазақстандағы экобілімнің басты платформасына айналар. Жасыл елімді одан да жасыл әлемге айналдыру – таза ауаның кепілі екеніне сенемін.

Әдия ЕРНАЗАРҚЫЗЫ,
Шоқан Уәлиханов
мектебінің Эко клуб мүшесі.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫҚабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.Бас редактор – Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-36.Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-43.Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІРҚала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШШаһар шаруашылығы және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел: 293-52-36.Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.comЖарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25Шығармашылық даму
жөніндегі кеңесКеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВКеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңызРеспубликаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВАГазет «Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрілігінің Ақпарат комитеті»
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»
әуе компаниясының бизнес-класс
бортында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.



Бұқаралық спортпен айналысатын адам – дене мәдениетін өмір салтына айналдырған, салауатты әдеттерді ұстанатын, өзін жетілдіруге ұмтылатын белсенді тұлға. Ол спорты тек жарыс немесе нәтиже үшін емес, шәкірт тәрбиелеу, қоғамда белсенді болу, денсаулығын жақсарту, тіпті көңіл күйді көтеру үшін де серік етеді. Біз бүгін сондай жандардың бірі туралы айтатын боламыз.



Сурет кейіпкердің архивінен.

ҰСТАЗ, ТӨРЕШІ, ЖАТТЫҚТЫРУШЫ

Ұпай санап қана қоймай, ұрпақ тәрбиелеген волейболшы

Үлкенмен де,
кішімен де дос

Нұржамал
ӘЛІШ

Амра Шалбарбаев – «Ардагерлердің волейбол федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қаласы филиалының директоры. Қазақстанның волейбол және спорт педагогикасы саласындағы ең беделді мамандарының бірі. Тәжірибелі төреші. Спорт шеберіне кандидат, педагогика ғылымдарының магистрі, ұстаз-ғалым, мегаполистеі «Нархоз» университетінің аға оқытушысы.

Оның шапшаңдықты, дәлдікті, зеректікті, тактикалық ойлау қабілетін талап ететін волейболды серік етіп келе жатқанына 25 жылдан асты.

Бойы да, ойы да келіскен азамат Алматы облысының Кетмен ауылында дүниеге келген. Әкесі Мұқатай – бар өмірін колхоз ісіне арнаған абыройлы еңбек адамы болған. Анасы Тұрсынбибі де алты перзентінің бойына адамгершілік, мейірім, бауырмалдық дәнін сепкен аяулы жан еді.

Кейіпкеріміз Отан алдындағы борышын өтеп келген соң, 1995 жылы Алматыдағы Қазақ спорт және туризм академиясына түсіп, үздік тәмамдап, «Волейболдан жаттықтырушы» мамандығын алып шықты. Дипломды жігіт бірден мегаполистеі №104 қазақ орта мектебіне дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып қабылданады. Күнделікті сабақ берумен қатар, спорт десе жанып тұрған оқушыларды мектепішілік және қалалық жарыстарға дайындап, жасөспірімдердің бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлес қосты. 2000–2004 жылдар аралығында шәкірттерімен бірге көптеген жарыста жүлделі орындарға қол жеткізді. 2004 жылдан университетте аға оқытушы, волейболшы студенттердің жаттықтырушысы. Сонымен қатар, алматылық ардагерлерден құралған волейбол командасына жетекшілік етеді. Яғни жастармен де, аға буынмен де үнемі бірге.

Ардагерлер
аттан түспейді

Спортты сүйетін талай жасты даңғыл жолға салған Амра Мұхатайұлының 8 студенті 2024 жылы «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат»



Сурет кейіпкердің архивінен.

атағын иеленді. Бұл кейіпкеріміздің жаттықтырушылық әдіснамасының жоғары деңгейін және ұлттық спорттың дамуына қосқан елеулі үлесінің көрінісі. Ол аға оқытушы ретінде тек кәсіби білім берумен шектелмей, волейбол спорты арқылы жастардың жігерін жанып, командалық рух, өзара сенім мен жеңіске ұмтылыс секілді қасиеттерді дарытып келеді.

Оның жетекшілігіндегі команда 2023 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде волейболдан қыздар командалары арасында өткен жарыста үздік ойын көрсеткені тағы бар. Былтыр Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер факультеті және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерватория студенттері мен қызметкерлері арасында «Ұлы Абайдың 180 жылдығы», «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы» және «Қазақстан Республикасы Ассамблеясының 30 жылдығы» құрметіне волейболдан өнер майталмандарының арасында жолдастық кездесу өткенде, Амра Шалбарбаев «Үздік шабуылшы» мәртебесін иеленген.

Жалпы, ардагер волейболшылар федерацияның басты мақсаты – волейбол спортын аға буын спортшылар арасында кеңінен насихаттау, олардың да уақытын тиімді өткізуіне, спортпен айналысуына мүмкіндік туғызу, сондай-ақ салауатты өмір салтын

дәріптеу, сол арқылы ардагерлердің өзара достық қарым-қатынасын нығайту. Құрамында кәсіпкер, әскери маман, профессор, генерал, дәрігер, жұмысшы да бар. Қазір олар алдағы ақпанда БАӘ-нің астанасы Абу-Дабиде өтетін үлкен додаға дайындалып жатыр.

Шетелдік федерациялар
мойындаған

Иә, алматылық ардагер спортшылар жетістігі де аз емес. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының М.Есембаевты еске алуға арналған волейболдан ардагер командалар арасындағы ашық турнирде – I орын; әйгілі қаламгер Олжас Сүлейменовтің 80 жылдық мерейтойына арналған X халықаралық турнирде – III орын; мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың құрметіне арналған ардагерлер командалары арасындағы VIII халықаралық турнирде – I орын; Алматы қаласындағы ЖОО оқытушылары мен қызметкерлері арасында профессор Б.Қаражановты еске алуға арналған волейбол турнирінен I орын иеленген. Бұл жеңістер бір парасы ғана.

Амра Мұхатайұлы Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және Бразилиядағы жарыстарда Қазақстанның атынан өнер көрсетті. Әсіресе, Бразилия елінде 41 команданың ішінде 2-орын алып қайтқан

• ЖЕТІ САУАЛ

«ЖЕҢІС ТЕ, ЖЕҢІЛІС ТЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ»

1. – Ұстаздықтың миссиясы неде?

– Бұл жерде шәкіртке тек білім беріп қана қоймай, мінез қалыптастыру, дүниетанымды байыту, адамгершілікке баулу секілді күрделі міндеттер тұр. Студенттеріміздің өмірде өз орнын тауып, арманына жеткенін көргенде жүрегіме қуаныш, қанағат сезімі толады.

2. – Спорт, нақты айтқанда, волейбол сізге не берді?

– Кейде спортта бір ұпай үшін қанша күш жұмсайтыныңды білесің, ал бұл өмірде мақсатқа жету үшін не керек екенін түсіндіреді. Жеңіс те, жеңіліс те адамды тәрбиелейді.

3. – Сәтсіздіктерден қандай сабақ алдыңыз?

– Сәтсіздік – бұл тоқтау емес, қайта түзелу кезеңі. Әр жеңіліс маған «қай жерде мүлт кеттің, не жетпеді?» деген сұрақтарға жауап іздеуді үйретті. Спортта да, ұстаздықта да табандылық керек.

4. – Бүгінгі жастар туралы ойыңыз?

– Бүгінгі жастардың мүмкіндігі өте көп. Бірақ уақытты бағалау жағы кейде ақсап жатады. Тез нәтиже күтетіндер көбейген. Ал нәтиже ешқашан тез келмейді. Осыны түсінсе, жастар бәріне де жетеді.

5. – Қандай құндылықтарды биік қоясыз?

– Адалдық, жауапкершілік және адамға құрмет. Қанша қиын болса да ар-ұяттан аттамау – адамды ұстап тұратын ең маңызды тірек.

6. – Уақыт өткен сайын адамға не маңызды бола түседі?

– Адамның артында қалдырған ізі. Бұл – шәкірт, еңбек, жақсы сөз, жақсы іс. Материалдық дүниенің бәрі уақытша, ал із – мәңгі.

7. – Өміріңізді бір сөйлеммен түйіндесеңіз?

– Адал еңбек абырой биігіне көтереді.

сәттерін ешқашан ұмытпайды. Ол спортшы, жаттықтырушы және ұйымдастырушы ретінде қатысып, шетелдік федерациялардың мойындауына ие болды. Бұл дәреже халықаралық ЕВ-1А критерийіне сәйкес келеді. Оны былтырғы мамырда Өзбекстандағы халықаралық турнирдің бас төрешісі және ұйымдастырушысы арнайы шақырды, бұл мәртебе де ресми түрде танылды. Ол бірнеше рет ҚР Спорт және туризм министрлігінің, Волейбол федерациясының,

республикалық комитеттердің және шетелдік ұйымдардың беделді марапаттарын иеленген.

Тәртіп, төзім, жігер

Амра Мұхатайұлының отбасы – білім мен парасат, сүйіспеншілік пен татулық үйлесім тапқан берекелі шаңырақ. Зайыбы Қаламқас Алайдарқызы да шәкірт тәрбиелеп келе жатқан ұлағатты ұстаз, экономика ғылымдарының кандидаты. Алтын асықтай үш ұлы бар.

Спорт оған тек физикалық күш емес, әрдайым рухани сергектік, тәртіп, төзімділік және жігер сыйлайды. Міне, осындай жандар өз ортасына үлгі болып, салауатты өмір салтының маңызын насихаттауға бейім келеді. Иә, волейболшы бейнесі – жастар үшін үлгі, қайсарлық пен ұстамдылықтың символы. Ол – спорттың тек дене тәрбиесін ғана емес, рухани да тәрбие беретінін дәлелдеп келе жатқан жаттықтырушылардың бірі.